



### ТАЙЛАҚ БАТЫРДЫҢ ЖОРЫҚ ЖОЛЫ

9-БЕТ | РУХАНИЯТ



### ҚАНДАСТАР МӘРТЕБЕСІЗ ҚАЛМАСЫН

13-БЕТ | ҚОҒАМ



### ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК – ЕЛГЕ ҚАЛҚАН, ЖҰРТҚА ПАНА

14-БЕТ | ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Жастардың кәсіпкерлік бастамасына қолдау көрсету үшін 40 миллиард теңге бөлінді. Қаражат аймақтарға берілді. Қазір бизнес саласындағы үздік идеяларды таңдап алу үшін конкурстар басталды. Халықты, жастарды жұмыспен қамту – Үкімет үшін аса маңызды міндет. Әкімдер бұл жұмыстың нәтижелерін тұрақты түрде баяндап тұруы керек.

№153  
(4586)  
Сейсенбі  
26 желтоқсан  
2023 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ЖЕҢІС ҚАСЫМБЕКТИҢ ҚАТЫСУЫМЕН ИНТЕРНЕТ-КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТЕДІ

26 желтоқсан

09:00-15:00

«Электрондық үкімет» порталы (egov.kz)

### Негізгі тақырыптар:

- мектептердің құрылысы;
- газдандыру;
- аулаларды абаттандыру;
- қоғамдық кеңістіктердің дамуы;
- үлескерлік құрылыстағы проблемалы нысандар;
- тұрғын алаптарды дамыту;
- көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту.

Конференцияға қатысуға ниет білдіргендердің бәрі egov.kz сайтына кіріп, өз сұрағын қалдыра алады («Ашық диалог» қосымша беті – интернет-конференциялар, электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы кіруге болады).

## ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫ ӨСЕДІ

2024 жылы бюджеттен төленетін жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 130414 теңге болады.

2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңда 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік жәрдемақылар мен базалық зейнетақы төлемдерінің барлық түрін ҚР Ұлттық банкі айқындайтын инфляцияның болжамды деңгейіне сәйкес 7 пайызға, ынтымақты зейнетақыны 9 пайызға, яғни инфляция деңгейінен 2 пайызға арттыру көзделген.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 2024 жылы бюджеттен төленетін жиынтық зейнетақының орташа мөлшері (БЖЗК төлемдерін есептемегенде) 130414 теңге болады (2023 жылы – 120838 теңге).

Бұдан басқа, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылдан бастап 5 жыл ішінде ең төмен базалық зейнетақыны ең төмен күнкөріс деңгейінің 70 пайызына дейін, ең жоғары – 120 пайызға дейін жыл сайын кезең-кезеңімен арттыру жүзеге асады.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік жәрдемақылар да ұлғаяды. Сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан асыраушысынан айырылу және еңбекке қабілеттілігінен айырылу бойынша төлемдер 7 пайызға ұлғаяды. Аталған төлемдер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға бюджеттен берілетін мемлекеттік жәрдемақыларға қосымша жүзеге асырылады.

## ШЫРША ЖАНЫНДАҒЫ ШАТТЫҚ

Астанада балаларға арналған жаңа жылдық мерекелер басталды.

«Мерекелер күндері балаларға арнап жаңа жылдық шыршалар өткізіледі. Мемлекет басшысының атынан ұйымдастырылған шырша мерекесіне 200 бала шақырылды. Олар – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан, ерекше қажеттіліктері бар, сондай-ақ оқуда, спортта, шығармашылықта немесе қоғамдық өмірде жетістікке жеткен дарынды балалар. Біз өз тарапымыздан балаларымыз бен

ата-аналарымыздың жағдайын жасауды жалғастыра береміз» деді Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек.

Түрлі түске боялған шоу-қойылым ретінде ұйымдастырылған іс-шарада шақырылған балаларға жаңа жылдық сыйлық ретінде киім, жұмсақ ойыншықтар, спорт рюкзактары және т. б. сатып алуға болатын сертификаттар табысталды.

Балаларға арналған шырша мерекесін елорданың аудан әкімдіктері де ұйымдастырады.

## АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАРАТЫЛДЫ

Елордада жаңа жыл мерекесіне орай жылдағы дәстүр бойынша көмекке мұқтаж азаматтарға азық-түлік себеті тапсырылып жатыр.

Астана қаласының әкімдігі мен «Petro Retail» компаниясы халықтың әлеуметтік мұқтаж топтарына және басқа да азаматтарға атаулы әлеуметтік көмек ретінде азық-түлік жиынтығы қайырымдылық көмек көрсету аясында ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы жасалған меморандум аясында биыл төртінші мәрте қалада әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға азық-түлік себеті таратылып жатыр.

«30 қайырымды іс» акциясы аясында елордада 4 мыңға жуық отбасы азық-түлік себетімен қамтылды. Бүгін 1000-ға жуық себет елорданың 5 ауданында әлеуметтік жағынан осал отбасыларға таратылып жатыр. Олар – көпбалалы отбасылар, жалғызбасты аналар, зейнеткерлер, мүгедектігі бар азаматтар, ерекше бала тәрбиелеп отырған отбасылар. Азық-түлік себетінде күнделікті тұрмысқа қажетті күнбағыс майы, қант, ұн, сүт және тағы

басқа азық-түлік түрі бар. Қайырымдылық іс-шарасына атсалысқаны үшін «Petro Retail» компаниясына алғысымызды білдіреміз. Сондай-ақ өзге де бизнес өкілдерін, меценаттарды игі іске қатысуға шақырамыз. Қалалық әкімдік мұндай акцияларды жыл сайын ұйымдастырады» деді Астана қаласы әкімінің кеңесшісі Қуаныш Молдабек.

Жалпы саны 45 тоннадан асатын азық-түлік себеті жеткізіледі.



№153 (4586) 26/12/2023 Сейсенбі



## КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путиннің шақыруымен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысына қатысу үшін Санкт-Петербург қаласына барды.

Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің басшылары интеграциялық процестерді одан әрі

дамытудың басты міндеттері мен негізгі бағыттарын талқылауды жоспарлап отыр. Сондай-ақ

Қазақстан Президенті ТМД елдері басшыларының бейресми кездесуіне де қатысады.

## ЧЕХ ПРЕЗИДЕНТІНЕ КӨҢІЛ АЙТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Прага қаласында болған қайғылы оқиғаға байланысты Чех Республикасының Президенті Петр Павелге көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Прага қаласындағы Карлов университетінде болған жантүршігерлік қарулы шабуыл салдарынан көптеген отандастарыңыздың қаза тапқаны және

жарақат алғаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабыл алдым. Осындай ауыр сәтте Чехия халқының қайғы-қасіретіне ортақтасып, Сізге және жақында-

рынан айырылған отбасыларға көңіл айтамын, ал зардап шеккен азаматтардың тез арада сауығып кетуіне тілектестік білдіремін» деп жазылған жеделхатта.

## МЕМЛЕКЕТ БАҒАНЫ РЕТТЕУДЕН БАС ТАРТАДЫ

2023 жылы ішкі тауар айналымы 21,1 пайызға өсіп, 53,6 трлн теңгені құраған. Бұл жайлы Үкімет сағатында Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев мәлімдеді. Бұл сома 2022 жылдың 11 айында 44,3 трлн теңге болған. Осы жылы сауданың нақты көлем индексі 111,3 пайызды құраған. Ал 2023 жылдың 10 айында сыртқы сауда айналымы 114,1 млрд долларды құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,6 пайызға артқан.

Министр сонымен бірге бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп ұлттық стандарттар әзірленетінін айтты. Оған қосымша ойыншылар тартылып, франшиза элементтері енгізілді. Сонымен бірге, министрдің айтуынша, сауда базарлары заман талабына сай өзгертілді.

«Бүгінгі таңда сауда базарлары әлі де маңызды болып отыр. Алайда бәрі бірдей қала құрылысы, өрт және санитарлық стандарттарға сәйкес келмейді. Сондықтан бизнеспен бірге базарларды жаңартуды қажет ететін нысандар анықталды. Қазіргі таңда 460 университеттерді қамтыған 195-ін заман талабына сай өзгерту қажет болған, олардың 121-і жаңартылды. Қалған 74-і бойынша әкімдіктермен және базарлардың меншік иелерімен бірлесіп 2025 жылға дейінгі жол картасы бекітілді. Өздеріңізге мәлім, жаңартуды аяқтаудың әртүрлі мерзімі белгіленді: облыстар үшін – 2025 жыл, ал астана мен республикалық маңызы бар қалалар Астана, Алматы және Шымкент үшін – 2023 жыл» деді министр.

Арман Шаққалиев әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның өсуіне жол бермеу қолға алынғанын атап өтті. Бұл мақсатта АШМ, монополияға қарсы орган, әкімдіктер, азық-түлік корпорациясы және тұрақтандыру қорларымен бірлесіп кешенді сипатта жұмыс жүргізіп жатыр.

«Жалпы бұл жұмыс Президенттің инфляция деңгейін 2 есе төмендету жөніндегі тапсырмасын орындауға бағытталған. Бұл мақсатта тұрақтандыру қорының қызметі қайта форматталды. Қаржыландыру ауыл шаруашылығы өндірушілеріне көбірек бағытталады. Ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері өткізіледі. «Азық-түлік корпорациясының» тұрақтандырушы рөлі кеңейтілуде, тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылады. Тимісіз делдалдарды жою және сауда заңнамасының талаптарын сақтау жөніндегі өңірлік комиссиялардың бақылау қызметі құрылды» деді министр.

Бұл шаралар негізінде әлеуметтік тауарлар бағасының индексі 5,5 есеге төмендеп, 3,4 пайыз құраған. Ал жылдық инфляция қараша айының соңында 10,3



пайыз деңгейінде қалыптасқан. Оның ішінде ақылы көрсетілетін қызметтер – 12 пайыз, азық-түлік емес инфляция – 9,9 пайыз, азық-түлік инфляциясы 9,2 пайызды құрады.

Сондай-ақ министрдің айтуынша, келесі жылдан бастап әлеуметтік тауарлар бағасын мемлекеттік реттеуден кезең-кезеңімен бас тартылады.

«2024 жылдың I жартыжылдығынан бастап 100 пайызға отандық өндіріс 9 тауарға шекті және шекті рұқсат етілген бағаларды белгілеуден бас тарту ұсынылады. Қалған 10 тауар бойынша бағаны реттеуден бас тарту 2025 жылдың соңына дейін аяқталады. Бұл ретте, атаулы әлеуметтік көмек алушылар үшін тұрақтандыру қорларының жұмысы шеңберінде атаулы тауарлық таргеттеу және отандық тауар өндірушілер үшін міндеттемелер қою есебінен арзандатылған әлеуметтік тауарлар сатып алу мүмкіндігі берілетін болады» деді министр.

### БАҒАНЫ КІМ ҚЫМБАТТАТЫП ОТЫР?

Сауда орталықтары мен сауда үйлерінің қожайындары ойына келгенін істеп, бағаның көтерілуіне ықпал етуде. Мәжілістегі Үкімет сағатында депутат Анас Баққожаев осындай мәлімдеме жасады. Депутат бағаның көтерілуіне сауда орталықтары мен сауда үйлерінің қожайындары кінәлі екенін айтты.

«Сауда орталықтары қожайындарының бәрі – Forbes тізіміндегі олигархтар. Олар мемлекеттің ішінен қоғамның ешбір талабына бағынбайтын мемлекет құрып алған» деді ол.

Анас Баққожаев 2018 жылы сауда орталықтарындағы дүңгіршектерді жалға беру құны 1 шаршы метр үшін 4 мың теңге болғанын, қазір 21 мың теңгені құрайтынын, баға 5 есе өскенін алға тартты.

«Осының салдарынан киім-кешектің бағасы жыл сайын өсіп жатыр. Мысалы, 2018 жылы шұлықтың бағасы

300 теңге болса, қазір 1500 теңге» деп сөзіне нақты мысал келтірді депутат.

Ол сауда дүңгіршектерінде есептеуіш құрал жоқ екеніне де назар аударды.

«Сауда орталықтары соны пайдаланып, коммуналдық төлемдерге ойына келген бағаны қояды. Араны ашылғаны соншалық, жалға беру бағасын қымбаттатқанымен қоса, 2-3 ай алдын ала депозит талап етеді. Маңдайы терлеместен, миллиардтап пайда тауып отырған сауда орталықтары мемлекетке салық төлеудің де амалын жақсы ойластырған» деді депутат.

Мәжіліс депутаты сауда орталықтары жалға беру ақысын қолма-қол ақшамен алатынын, бұл заңсыз әрекет екенін тілге тиек етті.

«Сауда орталықтарының көбі жалға беру ақысын қолма-қол ақшамен алып, butikтерді өздері ашқан жеке кәсіпкерлік нысандар арқылы субарендаға беріп, кірісін жасырып отыр. Осыған наразы болған саудагерлерді сауда үйінен шығарып тастаймыз деп қорқытады. Жұмыссыздық кесірінен амалсыз саудаға кеткен халық осылайша сауда орталықтарының айтқанына, лаңына көніп отыр» деді депутат.

Мәселенің анық-қанығын білу үшін Анас Баққожаев Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиевке: «Осы сауда орталықтарын қашан ретке қоясыздар? Сауда нысандарында саудагерлермен бірге қоғамдық бақылау орнатып, салық ревизиясын жасауға дайынсыздар ма?» деген сұрақ қойды.

«Салық ревизиясын жүріп жатыр. Сауда орталықтарындағы дүңгіршектерді субарендаға беруге болмайды. Бұған заң бойынша тыйым салынған. Сауда орталықтарының монополиясын көпформатты сауда-саттықты дамыту арқылы ғана шектеуге болады» деп жауап берді Арман Шаққалиев.

## ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровты екі ел арасындағы Одақтастық қатынастар туралы шартқа қол қойылғанына 20 жыл толуымен құттықтады.

«2003 жылғы шарт қазақ-қырғыз қатынастарының дамуында жаңа кезеңнің басталғанын білдіреді. Біздің көпжақты мемлекетаралық байланыстарымызды тиімді ілгерілету үшін берік шарттық-құқықтық негіз қаланды. Барлық деңгейдегі белсенді сая-

си диалог, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықтың қарқынды дамуы, сондай-ақ екі елдің халықаралық аренадағы тығыз ықпалдастығы – соның айқын дәлелі» деп жазылған жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев бір-

лескен күш-жігердің арқасында Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастар одан әрі нығайып, екіжақты ықпалдастықтың орасан зор әлеуеті бауырлас халықтардың игілігі үшін қызмет ете беретініне сенім білдірді.

## ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевті туған күнімен құттықтап, оған зор денсаулық және аса жауапты қызметіне табыс тіледі. Әңгімелесу барысында Қазақстан мен Әзербайжан

президенттері екі ел халықтары арасындағы достық қатынастар мен дәстүрлі бауырластық байланыстарға көңілдері толатынын айтты. Мемлекеттер басшылары Әзербайжан Президентінің Қа-

зақстанға сапары кезінде және Биыл қараша айында Бакуде өткен СПЕКА саммиті аясында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселелеріне назар аударды.

## ЗАҢДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

Сенаттың Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің депутаттары кеңейтілген отырыста жер қойнауын пайдалану және экология мәселелері туралы заңды талқылады.

Сенаторлардың айтуынша, заң жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуді жақсартуға, атап айтқанда, геологиялық барлау жұмыстарына іс жүзінде жедел көшуге, барлық сараптаманың мерзімін қысқартуға, рәсімдер бойынша әкімшілік шығындарды 2 еседен астам жоюға мүмкіндік береді.

Құжатта сонымен қатар уәкілетті органның пайдалану жерінің зерделеу жөніндегі KazRC стандартына сәйкес дайындалған есептерді тексеру мүмкіндігін сақтау, ресурстар мен қорлар 25 пайыздан төмендегенде уәкілетті органның пайдалы қатты қазбалар кен орындарын барлау жөніндегі ең төменгі талаптарды

белгілеуі, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану жөніндегі есеп-қисапта дәл емес мәліметті жасыратын немесе көрінеу ұсынатын адамдардың жауапкершілігін күшейту туралы түзетулер ұсынылған.

Отырыс қорытындысы бойынша депутаттар заңды Палатаның қарауына беруді туралы шешім қабылдады.

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ШЫРША МЕРЕКЕСІ

Бас қалада өткен «Қош келдің, Жаңа жыл!» шыршасына 60 бала қатысты. «Жаңұя» отбасы институтын қолдау орталығында өткен қайырымдылық шыршасына келген бұл балалар 30 отбасыдан жиналған.



Олардың қатарында ерекше қажеттілігі бар балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалар бар. Орталық баспасөз қызметінің өкілі Баян Жалмағанбетованың айтуынша, қиын өмірлік жағдайдан шыққанша отбасыларға орталық жәрдемдеседі. Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға Конституциялық сот, «DOS ortopedia» ЖШС және «Amer events» қаржылай қолдау көрсеткен. Оларға балаларға тәттілер мен циркке билеттер дайындаған. Бастысы, ертеңгілікке келген әр балаға ұйымдастырушылар жаңа жыл мерекесін сезіндіруді мақсат еткен. Сондай-ақ іс-шараның мақсаты – әр қатысушыға көтеріңкі көңіл күй сыйлау.

– Құрметті демеушілер! Осындай іс-шараны ұйымдастыруға үлес қосқаныңыз ата-аналар атынан алғыс білдіремін. Келе жатқан жаңа жыл құтты болсын. Сіздерге зор денсаулық пен жұмысыңызға толағай табыс тілеймін! – деді ертеңгілікке қатысқан баланың ата-анасы.

Айта кетейік, жыл соңына дейін «Жаңұя» орталығы тағы да осындай бірнеше жаңа жылдық ертеңгілік ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

## АНАЛАРҒА «АЛТЫН АЛҚА» ТАҒЫЛДЫ

Нұра ауданында тұратын көпбалалы аналарға мемлекеттік марапаттар табысталды.

Жаңа жыл қарсаңында аудан әкімдігінде «Алтын алқа» және «Күміс алқа» медальдары салтанатты түрде табыс етілді. Мерекеге орай 10 ана алқалы атанды. Оның ішінде жеті баланың екі анасы «Алтын алқа» алды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен берілетін наградаларды Нұра ауданының әкімі Жүсіп Жұмағұлов салтанатты жағдайда табыс етті.



## ТУҒАН ЕЛДЕ ЖЕРЛЕНДІ

Екінші дүниежүзілік соғыста ұрыс даласында қаза тапқан үш қазақстандық жауынгердің сүйегі арнайы авиабортпен Астанаға әкелінді. Жауынгерлердің сүйегін қайта жерлеу туған өңірлерінде өтеді.

Жауынгерлердің сүйегін қарсы алу рәсімі ҚР Қарулы күштерінің ұлттық әскери-патриоттық орталығында орталық әскери оркестр музыканттары, ту тобы және құрмет қарауыл ротасы әскери қызметшілерінің қатысуымен өтті. Аталған рәсімге Қарулы күштердің әскери қызметшілері мен ардагерлері, «Атамның аманаты» ҚБ, әскери-тарихи музейдің өкілдері, «Жас сарбаз» балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері мен қаза тапқандардың туыстары қатысты.

ҚР Қарулы күштері Бас штабы ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы

департаментінің бастығы, генерал-майор Бауыржан Артықов қазақстандық жауынгерлердің сүйегін іздеуге белсенді қатысқандардың барлығына алғысын білдірді.

– Екінші дүниежүзілік соғыс бүкіл Қазақстан халқы үшін үлкен сынақ болды. Майданға 1 миллион 200 мың қазақстандық аттанып, олардың 600 мыңнан астамы ұрыс даласында қаза тапты. Қазақ жауынгерлерінің ерлігі – қазіргі Отан қорғаушылар үшін өр рухтың, мызғымас батылдық пен Отанға деген сүйіспеншіліктің үлгісі, – деді ол.

Ресейлік іздеушілер жұмысының нәтижесінде 80 жылдан аса уақыттан соң қызыл әскерлер – Силан Мәметов (1912 жылы туған, Қызылорда облысы Қазалы ауданының тумасы), Қадірбек Дәулетқұлов (1922 жылы туған, Жамбыл облысы Меркі ауданының тумасы) және Қисым Әдиевтің (1911 жылы туған, Гурьев облысы Гурьев қаласының тумасы) сүйегі елге жетті. Іздеушілер қызыл әскер сарбаздарының құжаттары, каскалары, металл сапты-аяқтары, сапер құректері, түймелер және өздеріне тиесілі жеке заттарын туыстарына берді.

## «ҚАУІПСІЗ ЖАҢА ЖЫЛ» ШАРАСЫ

Астанада қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «Қауіпсіз жаңа жыл» акциясы басталды. Негізгі тұжырымдамасы – мерекелік жаңа жылдық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу кезінде ережелер мен талаптарды сақтау мәселелеріне қоғам назарын аудару.

Бұл туралы Астана қаласының коммуникациялар қызметінде аттракциондардың қауіпсіздігі және пиротехника бұйымдарының қауіпсіздігі туралы техника реттеуі және метрология комитетінің брифингінде айтылды.

Жаңа жылдық мерекелерді өткізу кезінде қоғамдық қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың азаматтық пиротехника заттары айналымының белгіленген қағидаларын

сақтауын бақылау мақсатында 25 желтоқсаннан 3 қаңтарға дейін полиция қызметкерлері мен құтқарушылар бірлесіп, сауда орындарында рұқсат құжаттарының, сертификатталмаған пиротехника бұйымдарының стихиялық сауда фактілерін анықтауға және болдырмауға бағытталған жыл сайынғы «Пиротехника-2023» жедел-алдын алу іс-шарасын өткізеді.

– Жаңа жылдық мерекелер қарсаңында елорда тұрғындары арасында сауда орындарында лық толы пиротехника бұйымдары үлкен сұранысқа ие болады. Мерекелік көңіл күйдегі адамдар қауіпті оташуларды және петардалар мен басқа да заттарды сатып алу кезінде қарапайым өрт сөндіру ережелерін ұмытпайды. Белгілі болғандай, аталған өнімді пайдалану, сақтау және сату кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін, – дейді ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқарма бастығы Мадияр Мырзагелдиев.

Астана қаласының ТЖД өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін сақтауды ұсынады. Балаларды ересектердің қарауынсыз қалдыруға болмайды. Өрт болған жағдайда дереу 101 нөміріне қоңырау шалу қажет.

Елордада ашық құдықтар мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Бұл ретте қаланың 5 ауданында оларды анықтау және дер кезінде жабу жұмысы жүріп жатыр.

## АШЫҚ ҚҰДЫҚТАР АНЫҚТАЛДЫ



Нұра ауданының әкімі Жүсіп Жұмағұлов тұрғындардың қауіпсіздігі мәселесі бойынша қалалық басқармалармен және коммуналдық қызметтермен кеңес өткізді. Диалог форматында ұңғымалар негізінің түсуі, абаттандырудың бұзылуы, қақпақтарды ұрлау мәселелерін шешудің оңтайлы нұсқалары талқыланды. Кеңеске қатысушылар люктерді ұрлау проблемасының өзекті екенін атап өтті. Сәуірден желтоқсанға дейін тұрғындардан құдықтар бойынша 700-ден астам ескерту келіп түсті, олардың көпшілігі – қақпақтардың жоғына қатысты шағым. Қазіргі кезде Нұра ауданында 22 мыңнан астам құдық бар.

Құдықтардың ашық люктерін жабудың бекітілген регламентіне сәйкес, жауапты орындаушы 2-3 сағат ішінде сол жерге баруға және қоршауға міндетті, содан кейін толықтай жабу үшін бір күн беріледі. Күрделі жөндеуді қажет ететін құдықтар (ұңғыманың негізінің түсуі) уақытша қоршаудан кейін 3 күн ішінде жасалады. Алайда қарқынды құрылыс аймақтарында иесіз құдықтар жиі кездеседі. iKomek және «Астана су арнасы» өкілдері мәселені шешу бойынша ұсыныстар енгізді, олар талданатын және тәжірибеде қолданылатын болады.

Егер астаналықтар ашық люктерді

немесе құдықтардың негізі құлағанын байқаса, дереу iKomek109-ға хабарласу қажет. Орталықпен 109 нөмірі бойынша @nursultanikomek109\_bot Telegram-боты, iKomek, Smart Astana мобильді қосымшалары арқылы байланысуға болады.

Бүгінгі таңда Алматы ауданында барлығы 39 мыңнан астам құдық бар. Ашық құдықтарды анықтау және жабу жөнінде жедел шаралар қабылдау мақсатында құрамына аудан әкімі аппаратының, қалалық басқармалар мен коммуналдық қызметтердің қызметкерлері кіретін жұмыс тобы құрылды.

Тереңдігі 2 метрден асатын ашық құдықтарға адамдардың құлауын болдырмау үшін қорғаныс торы орнатылуда. Қақпақтарды ұрлауға қарсы металл люктерді полипропилен люктеріне ауыстыру шаралары жүргізілуде.

Ашық құдықтар немесе сынған люк қақпақтары туралы тұрғындар келесі байланыс нөмірлері арқылы хабарлай алады:

- \* 109 («iKomek» қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы);
- \* 8-708-218-42-04 (Алматы ауданы әкімі аппараты тіршілікті қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы Данияр Оралов);
- \* 8-707-170-11-81 (WhatsApp).

## ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫН ШЕКТЕГЕНДЕР ЖАЗАЛАНАДЫ

Биыл полиция қызметкерлері 16 мыңнан астам ұсақ бұзақылықты, 1700-ден астам бөтеннің мүлкін бүлдіру дерегін анықтады. Полиция жол қозғалысын заңсыз шектегені үшін жауапкершілік туралы ескертеді.

Бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдірумен қоғамдық тәртіпті өрескел бұзғаны үшін 1,5 мыңға жуық адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Соңғы уақытта қоғам назарын аудару мақсатында жолдарды жабу деректері орын алады. Алайда мұндай акцияларды өткізу заңсыз. Бұл әрекеттер – қоғамдық тәртіпті өрескел бұзу, жол жүрісіне кедергі келтіру, сондай-ақ полиция қызметкерлерінің заңды талаптарын орындамау, – деді ІМ ӘПК төрағасы Қайсар Сұлтанбаев.

Жағдайды тұрғындар тиісті органдармен және қызмет көрсететін ұйымдармен заң шеңберінде, сондай-ақ митинг ұйымдастыру туралы заңның талаптарын сақтай отырып, оны алдын

ала жергілікті атқарушы органға хабарлау арқылы шешуі қажет болатын. Осылайша, бұл азаматтар қоғамдық тәртіпті бұзып, басқа азаматтарға қолайсыздық туғызды.

– 4 азаматқа қатысты полиция қызметкерінің заңды талабына бағынбағаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 667-бабы бойынша әкімшілік хаттама толтырылды. Акцияның басқа 9 қатысушысы көлік құралдарының жүрісіне кедергі жасағаны үшін кодекстің 614-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Заңсыз наразылық акцияларын ұйымдастыру және өткізу әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады, – деді Қайсар Сұлтанбаев.

## ЕКІ АВТОБУС БАҒЫТЫ ӨЗГЕРДІ

Қала маңына қатынайтын 2 автобустың бағыты өзгерді. Қаражар ауылына дейін қатынайтын №300 және №312 қала маңы бағдарының бағыты өзгерді.

«25 желтоқсаннан бастап №300 бағыттағы автобус №312 қала маңы бағдарының қозғалыс сызбасына сәйкес Қаражар ауылына дейін жүретін болып өзгертілді. Осылайша №300 және №312 бағдарлары біріктірілді. Әрі қарай қызмет көрсету

№312 бағдармен жүзеге асырылады» деді «City Transportation Systems» ЖШС баспасөз қызметі. Осыған байланысты №312 бағдардың жүру кестесі өзгерді. Бағдардың жаңа кестесін @cts\_kz парақшасынан көруге болады.

# ЖЫЛ БОЙҒЫ ЖЕМІСТІ ЖҰМЫС

Өтіп бара жатқан жыл Парламент Мәжілісі мен әртүрлі деңгейдегі мәслихаттар сайлауымен ерекшеленді. Бұл сайлау 19 наурыз күні өткені белгілі. Нәтижесінде өткен көктемде Астана қаласы мәслихатының VIII шақырылым депутаттары жұмысқа кірісті. Мемлекеттік қызметте тәжірибесі мол, осының алдындағы мәслихаттың VII шақырылымының хатшысы болған Ерлан Каналимов мәслихат төрағасы болып сайланды. Осы VIII шақырылым депутаттары жыл бойы белсенді жұмыс істеп, елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуына, қалаға қатысты маңызды құжаттардың қабылдануына үлкен үлес қосты.

**Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ**

## СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМ МІНДЕТТЕРІ

Астана қаласы мәслихатының VIII шақырылымына Аманат партиясы, «Ақ жол» демократиялық партиясы, «Байтақ» жасылдар партиясы, «Қазақстан Халық» партиясы партиялық тізімдері және бір мандатты сайлау округтері бойынша барлығы 34 депутат сайланды. Сайланған депутаттардың 25-і – ер азаматтар,

мәслихат депутаттары маңызды нысандарды аралап, онда көшпелі отырыстарды өткізді, тәжірибе алмасу мақсатында ел өңірлері мен шетелдерге барды.

## ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА ЕРЕКШЕ ҚОЛДАУ

Тиісті тәртіп бойынша жыл ішінде қала бюджеті қалалық мәслихатта бірнеше рет нақтыланады. Депутаттар қаржының маңызды жұмыстарға бөлінуін қолдады. Кейбір істер қосымша қаржыландыруды қажет етсе, бұл да мәслихаттың қолдауына қалмады. Соның ішінде

## ШЕТ АЙМАҚТАР ШЕТ ҚАЛМАДЫ

Қаланың шет аймақтарын дамытуға қатысты қалалық мәслихатта жыл ішінде бірнеше рет отырыс өтті. Соның ішінде қоғамдық көлік қатынасы, тұрғындардың қауіпсіздігі, жолдар құрылысы талқыланды. Нақты айтқанда, «Агроқалашық» тұрғын алабындағы жолдар мен нөсер көздерінің құрылысы, басқа да тұрғын алаптардың жағдайы сөз болды.

Жақында ғана Астана әкімінің орынбасары Нұрлан Нұрқенов қалалық мәслихатта елді мекендерді дамыту бойынша есеп



мәселесі отырыстардың бірінің күн тәртібіне қойылды. Депутаттардың көмегімен Сарыарқа ауданы полиция басқармасына, жедел қимылдау арнайы жасағына ғимарат бөлу мәселесі шешілді. Төтенше жағдайлар мәселесін талқылау барысында депутаттар профилактикалық жұмысты, әсіресе білім беру ұйымдарында күшейту қажеттілігіне тоқталды. Оқушыларға өрт деполарына экскурсиялар ұйымдастырудың маңызын айтты. Мәслихат депутаттары Ақтөбе қаласына барып, сол қалада қысқа мерзімде өрт сөндіру депосын салу тәжірибесімен танысты.

Елорда тұрғындарының қарқынды артуына байланысты қаланы жылумен және сумен, электрқуатымен жабдықтау өте өзекті. Мәслихат депутаттары бұл мәселелерді де талқылап, жаңадан салынған газ қазандықтарымен танысты.

Қазіргі жаңа технологиялар заманында көштен қалмау маңызды. Жаңа технологиялар халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, өмірін жеңілдетеді десек, оның маңызы одан сайын арта түседі. Мәслихат депутаттары бейнебақылау жүйесі, интернет және ұялы байланыс жағдайын да талқылады. Елордада мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бойынша жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бұл мәселе де депутаттардың талқылауынан өтті.

Қоғамдық көлік мәселесі де – елорданың аса маңызды мәселелерінің бірі. Биыл Астана мәслихатының қолдауымен 400 жаңа автобус сатып алу туралы шешім қабылданып, жаңадан автобус бағдарлары жіберіліп, кейбір бағдарлар ұзартылды.

Әлеуметтік қолдау жайына келсек, мәслихат депутаттары жергілікті өкілді органдарының 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға

біржолғы төлем сомасын 2,5 АЕК-тен (8 625 теңге) 60 АЕК-ке (207 000) дейін ұлғайту туралы шешімін бірауыздан қолдады. Төлемдердің жалпы сомасы 12,8 млн теңгені құрап, 2023 жылы әлеуметтік көмек сомасы ұлғайды. Бұған қоса, басқа мемлекеттер аумағында болған соғыс қимылдарының ардагерлеріне және Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге көмек мөлшері 2,4 АЕК-тен 4,5 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Ауғанстаннан әскерлерді шығару күніне және Чернобыль атом электр станциясындағы апат салдарынан зардап шеккендерге

нәтижелер беруде. Тұрғын үй алаптарының көптеген тұрғындары осындай қолдауға ие болды. Биыл елордада жеке тұрғын үйлерді газға қосу бойынша шығындарды өтеу қызметін 405 отбасы пайдаланды. Қазір тұрғын үйлерді газдандыруға біржолғы әлеуметтік көмек 130 АЕК немесе 413 400 теңгені құрайды. Сондай-ақ астаналық мәслихат жергілікті өкілді органдардың шипажайлардың санын 5-ке дейін ұлғайту жөніндегі шешімін бекітті. Бұрын 1 ғана шипажай еді. Осы емдеу-сауықтыру мекемелерінде астаналық зейнеткерлер және басқа мемлекеттердің аумағында соғыс қимылдары мен Чернобыль



9-ы әйелдер болды. Олардың орташа жасы 46 жасты құрады. Ең үлкені 63 жаста болса, ең кішісі 22 жаста болып тіркелді.

Жаңа құраммен жұмысқа кіріскен қалалық мәслихаттың биылғы бірінші сессиясына Астана әкімі Жеңіс Қасымбек қатысып, депутаттарға елорданың игілігі үшін қызметтерінде табыс тіледі. Барлық мәселелерді, соның ішінде бюджетті нақтылау, құрылыс, жол-көлік инфрақұрылымы мен инженерлік желілерді дамыту істерінде және дереу шешуді қажет ететін басқа да мәселелерді бірлесіп шешуге шақырды. Жыл ішінде де қала басшысы мен мәслихат депутаттары бірнеше рет кездесіп, қала тіршілігіндегі маңызды мәселелерді талқылады.

Қалалық мәслихаттың биылғы сол алғашқы сессиясында төрт тұрақты комиссия құрылып, олардың төрағалары сайланды. Атап айтқанда, заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс жөніндегі комиссияны Азамат Айтхожин, бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі комиссияны Кендебай Адамбеков, құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі комиссияны Владислав Сергеев, ал әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі комиссияны Асқар Смағұлов басқаратын болды. Осы комиссиялардың отырыстарында, қалалық мәслихаттың сессияларында, көпшілік тыңдауларында өзекті мәселелер қаралды. Бұған қоса,

әлеуметтік салаға ерекше көңіл бөлді. Атап айтқанда, медицина, білім мәселелеріне, мәдениет пен спорт мұқтаждықтарына қаржы бағытталуына атсалысты. Қала көркіне, тұрғындардың жайлы демалысына бейжай қарамай, қалалық бюджетте аулаларды абаттандыру мен көгалдандыру шығындары көбейді. Сонымен қатар қаланы газдандыру, жылумен және сумен жабдықтауға қосымша қаржы бөлінді.

Салауатты өмір салтын насихаттау және жастардың бос уақытын ұйымдастыру, жастардың арасында суицидтің алдын алу мәселелері қалалық мәслихат депутаттарының назарынан тыс қалған жоқ. Соның ішінде дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы, «Артспорт» жобасын жүзеге асыру, басқа да мәселелерді талқылады.

Балабақшалар мен мектептерде тамақтандыруды ұйымдастыру, бұл білім нысандарының жағдайы да депутаттарды толғандырды. Мәселен, депутат Кендебай Адамбеков отырыстардың бірінде қаланың әр ауданында балабақша салуды жоспарлау қажеттігін айтып, балабақшалардағы тілдік жағдайды көтерді. Оның әріптесі Мәдина Әжікенова жеке балабақшалар мәселесі туралы айта келе, білікті тәрбиешілердің болу маңызына тоқталды. Депутат Сәуле Самидин балабақшаларда балаларды тамақтандыруда айырмашылық барын, соны бір жүйеге келтіруді ұсынды.

берді. Оның айтуынша, қаланың 2035 жылға дейінгі Бас жоспарына сәйкес орта мерзімді және ұзақ мерзімді уақытқа тұрғын алаптарды дамыту жоспары әзірленді. Оған елді мекендерді газдандыру, инженерлік желілер мен жолдарды дамыту жұмыстары кірді.

Айтпақшы, жылдың соңында мәслихат депутаттары жаңа Бас жоспарды бекітті. Сол жиынға қатысқан қала әкімінің тағы бір орынбасары Евгений Готов қаланың бұл басты құжатын талқылауға қалалық мәслихат депутаттарымен қатар қала тұрғындары белсенді қатысқанын атап өткен еді.

Қоғамдық тәртіп, құқық мәселелері, төтенше жағдайлардың алдын алу жайы да қалалық мәслихатта талқыланды. Атап айтқанда, нашақорлық пен есірткі бизнесіне тосқауыл қою



төлем мөлшері 35 АЕК-тен (120 750 тг) 45 АЕК-ке (155 250 тг) дейін көбейтілді.

## ОСАЛ ТОПТЫ ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСАДЫ

Астана мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовтың айтуынша, мәслихат бекіткен халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы отбасыларға газға қосылуға материалдық көмек (өтемақы) беру қызметі

АЭС-інде апаттың салдарын жоюға қатысқан азаматтарға мемлекет санаторий-курорттық емнің 75 пайызын төлейді.

Биыл Астана мәслихатының депутаттары Түркия мен Германияға ресми сапармен барып, бірқатар маңызды кездесулер өткізді. Сол елдердегі озық тәжірибемен танысты. Енді Астана мен Берлин бауырлас қалаларға айналуы мүмкін. Кездесудің бірінде бұл туралы сөз болды.

Таяуда мәслихат депутаттары Астананың 2024-2026 жылдарға арналған бюджетін бірауыздан қабылдады. Үш жылдық бюджет әлеуметтік бағдарланған, онда қала дамуының барлық мәселелері ескерілген. Биыл мәслихат депутаттары шығыстардың басым бағыттарын ескере отырып, алғаш рет балабақшалар, әлеуметтік тұрғын үйлер, емханалар, Оқушылар сарайлары бойынша құрылысты аяқтауға қаржыландыруды бөлу бойынша тиімді ұсыныстар әзірледі.

Бүгін қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясы өтеді. Онда бірқатар мәселелер талқыланады. Ал жалпы алғанда жылды жемісті қорытындылап отырған органның келесі жылға да жоспарлары көп.

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ



«Қоғамдық келісімді қамтамасыз ету мен нығайтудағы азаматтық сектор мен медиа-саланың өзара іс-қимылы» тақырыбында Астанада фестиваль өтті. Іс-шараның мақсаты – Қазақстандағы қоғамдық келісімді қамтамасыз ету және нығайту, сондай-ақ тұрақты және үйлесімді қоғамдық ортаны қалыптастыру үшін азаматтық қоғам мен медиасфера институтының өзара іс-қимылын бір жолға қою.

Фестивальді Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы ұйымдастырды. Оған үкіметтік емес ұйымдардың, этномәдени бірлестіктердің және БАҚ-тың өкілдері қатысты. Сондай-ақ қатысушылар YEУ мен медиасфераның өзара іс-қимылы

бойынша жобаларды таныстырды. Бүгінде қалада үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп 50-ден астам жоба іске асырылды. Мұнда отырған азаматтық сектор өкілдеріне қазақстандықтардың өмірін жақсартуға қосқан баға жетпес

үлесі үшін алғыс айтқым келеді. Сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар БАҚ сияқты қоғамның дауысы мен көрінісі саналатынын атап өткім келеді, сондықтан бүгінде олардың арасындағы өзара нығайту орындарын іздеу аса маңызды, – деді елорданың Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрәулет Әлмұханов.

«Диалог Астана» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әлия Әубәкірова атап өткендей, YEУ мен медиасфера арасындағы өзара іс-қимылдың басты құндылығы – қоғамға маңызды ақпаратты тиімді жеткізу мүмкіндігі.

Азаматтық сектор өзінің жобалары мен бастамалары арқылы қоғамның дамуына елеулі үлес қосады. Алайда бұл күш-жігерді тиімді жүзеге асыру үшін медиасеріктестермен тығыз ынтымақтастық қажет. Медиа, өз кезегінде, азаматтық бастамаларды көрсетіп қана қоймай, оларды қолдауға

белсенді қатысуға, оң өзгерістерді жариялауға және диалог кеңістігін құруға міндетті.

Қоғамдық келісімді қамтамасыз ету бірлескен күш-жігерді талап етеді. Азаматтық сектор бұқаралық ақпарат құралдарын қоғамның нақты қажеттілігіне негізделген құнды ақпаратпен қамтамасыз ете алады, ал медиа, өз кезегінде, бұл ақпаратты кең аудиторияға тиімді жеткізе алады.

– Бірлескен күш-жігермен сенім қалыптастырайық, ашық диалог жүргізейік және қоғамдық бастамаларға серпін берейік. Тек осылай ғана біз қоғамымызда тұрақты даму мен қоғамдық келісімді нығайта аламыз, – деді Әлия Әубәкірова.

Фестивальге келушілер үшін еліміздің түкпір-түкпірінен қолөнершілердің қолдан жасалған тауарлары ұсынылды.

Сәбина КӘКІМЖАН



## ЕСКІ ПӘТЕРДЕН – ЖАҢА ҮЙГЕ

Елордада 10 жылда 284 ескі үйдің тұрғындары жаңа пәтерге қоныстанған. Бүгінде 2023-2029 жылдар аралығында бұзылатын апатты үйлердің тізімі жасалды.



Елімізде ескірген үйлер мен апатты жағдайдағы үйлер мәселесі әлі де өзекті. Бүгінде елордадағы қауіпті үйлердің саны азайып, қала көркін бұзып тұрған баспаналарға күрделі жөндеу жүргізіліп келеді. Астана қаласы Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы басшысының орынбасары Бейсен Усеновтің айтуынша, іргетасы мен қабырғасы жарылып, адам тұруға жарамайтын үйлер апатты деп саналады. Ал «ескірген» деген анықтаманы үйдің 60-70 пайыз тозығы жетіп, алайда жөндеу жүргізіп, үнемі тиісті мамандар жүйелі бақылау жүргізіп тұратын, адам тұруға болатын үйлерді айтады. Астанада апатты және тозығы жеткен тұрғын үйлерді бұзуды көздейтін тұрғын үй қорын жаңарту жобасы 10 жылдан бері іске асып келеді. Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы басшысының орынбасары Бейсен Усеновтің сөзінше, жоба басталғалы елордада 284 үйдің тұрғындары жаңа баспанаға қоныстанды.

Бүгінде елордада 2023-2029 жылдар аралығында бұзылатын апатты үйлердің тізімі жасалған. Тұрғын үйді қауіпті деп тану жөніндегі ведомстваралық комиссияның шешімімен 2015 жылдан бері бұзуды қажет ететін 4710 пәтерлі 206 тұрғын үй қауіпті деп танылды. Сонымен қатар коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру тәртібі бойынша бірінші кезекте тұрғын үйге мұқтаж болып танылып, есепте тұрған еліміздің азаматтары ескеріледі.

– Бұл жағдайда алдымен санат бойынша есепке тұру қажет. Атап айтқанда, Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар ескеріледі. Бұл жерде азаматтардың аталған

санаттарының орташа айлық кірісі де ескеріледі. Тұрғынжай беру туралы өтініш жасау алдындағы соңғы бір жылда отбасының әрбір мүшесіне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінен төмен болуға тиіс, – дейді Бейсен Усенов.

Басқарма басшысының орынбасары бұл тізімде мемлекеттік қызметкерлері, бюджеттік ұйымдар қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар бар екенін атап өтті. Мұндай мүмкіндік жалғыз тұрғын үйі заңнамада белгіленген тәртіппен апатты жағдайда деп танылған азаматтарға да беріледі. Азаматтарды республикалық маңызы бар қалаларда, елордада есепке қою үшін кемінде үш жыл тұрақты тұруы талап етіледі және соңғы 5 жылда өтініш берушілердің атында

жеке тұрғын үйі болмауы қажет. Осы баяндалғанның негізінде, көрсетілген талаптар орындалған жағдайда, коммуналдық Тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтажтар тізіміне тұру үшін www.kezekte.kz порталы арқылы белгіленген құжаттардың тізімін тапсыруы керек. Азаматтар тұрғын үй кезегіне тұрғаннан кейін мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларына қатыса алады. Қазіргі таңда азаматтардың тұрғын үй мәселесін шешу тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдаманың есебінен қолжетімді.

Әкімдік өкілінің сөзінше, көпбалалы отбасыларға, мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасыларға, кәмелетке толмаған балалары бар толық емес отбасыларға арналған төмен табыспен тұрғын үйді сатып алу мүмкіндігі бар. Атап айтқанда, «Бақытты отбасы» бағыты бойынша «Отбасы банк» АҚ арқылы төмен пайызды несие беру көзделген. Бағыттың шарттары негізінде жылдық мөлшерлемесі – 2 пайыз, алғашқы жарнасы – 10 пайыз және несие 20 жылға дейін беріледі. Сонымен қатар тұрғын үйі заңнамада белгіленген тәртіппен апатты деп танылған азаматтар «Шаңырақ» бағдарламасына қатыса алады.

Бұл бағдарлама 5 пайызбен, 20 жылға дейінгі мерзімге, кемінде 10 пайыз бастапқы жарнамен несие беруді көздейді. Осы жерде айта кетейік, бағдарламалардың шартына сәйкес, Астана қаласының әкімдігінен бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін 1,5 млн теңге мөлшерінде өтеусіз негізде тұрғын үй сертификаты беріледі. Бастысы, өтініш берушіде және онымен тұрақты бірге тұратын отбасы мүшелерінде соңғы 6 айда отбасының әрбір мүшесіне шаққанда табыс көлемі заңнамада белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 3,1 көрсеткішінен аспау қажет, – дейді Бейсен Усенов.

Әкімдіктің кезегінде тұрған азаматтар бағдарламаға қатысу үшін құжаттарды қабылдау уақыты жарияланған кезде өтінішін hcsbk.kz сайты арқылы электронды түрде бере алады. Жоғарыда аталған бағдарламалардың бірін пайдалану азаматтарға тұрғын үй мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында елорда тұрғындарына өрт қауіпсіздігі талаптары түсіндірілді.

## ТІЛСІЗ ЖАУДАН САҚТАНАЙЫҚ!

Бүгінде жұрттың бәрі жаңа жыл мерекесіне дайындалуда. Көшенің қай бұрышынан да әдемі пакеттердегі сыйлықтар, әшекейленген шыршалар, карнавал костюмдері, жарқыраған гирляндар, бенгаль шамдары және отшашулар сатып алуға асыққан адамдарды көруге болады.

Жаңа жыл мерекесінде өрт қауіпсіздігі жоғары тауарлар, атап айтсақ, пиротехника, бенгаль және шырша шамдары жиі қолданылады. Көбінесе осы мерекеледе пиротехника құралдарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін білмеу, жауапсыздық қайғылы оқиғамен аяқталып жатады. Сондықтан әрбір тұрғынның өрт қауіпсіздігі туралы алдын ала білгені жөн.

Сонымен қатар жаңа жыл түнінде гирляндар мен пиротехниканы пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң қадағалаған жөн. Ол үшін осы өнімдерді мамандандырылған арнайы дүкендерден сатып алу керек және оларды балалардың пайдалануына жол бермеу керек. Пиротехниканы ғимараттардан кемінде 50 метр қашықтықта әрі ашық кеңістікте іске қосу қажет. Отшашуды пәтерде, балконда немесе үйдің терезелерінде тұрып қолдануға тыйым салынады.

Қалтаңызда алып жүрмеңіз, әсіресе мұндай өнімді сыртқы киімнің ішкі қалтасына салмағаныңыз абзал. Пиротехниканы тек ересек адам ғана іске қосуға құқылы. Іске қосу алдында фитильдің ұзындығын нақтылау қажет. Кем дегенде 20 мм болуы керек, әйтпесе отшашудан қауіпсіз қашықтыққа кетуге уақыт жетпеуі мүмкін.

Отшашуды көргеннен кейін, жұмыс істеп тұрған өнімге жақындамас бұрын біраз уақыт, әдетте, 15 минут күту керек. Зымырандардың қалдығын бірден жинамаңыз, қолыңыздағы жарылмаған снарядтар жарылуы мүмкін.

Балаларға немесе мас күйіндегі адамдарға отшашуды алдымен атуға бермеңіз. Бұл үшін көп адамнан алыс жерде арнайы ашық аумақты пайдаланыңыз.

Шыршаны орнату кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша оны жылыту құрылғыларынан, соның ішінде каминдер мен пештерден алыс орнату керек. Бұл адамдарды эвакуациялау жағдайында ғимараттан шығуға кедергі болмауы керек. Бұйымдардан тез тұтанатын заттарды: мақта, пластик, қағаз, балауыз мүсіншелері және шамдарды алып тастаңыз.

Гирляндарды сатып алуға пиротехника сияқты талаптар қолданылады. Олар сапалы, зауыт кепілі бар және жарамды болуы керек. Шыршаның жанында ұшқын шамдарын жағуға болмайды, өйткені ұшқындар бұтақтарға түсіп, өрт шығуы мүмкін.

Егер сіз қандай да бір ақауды байқасаңыз немесе біртүрлі иіс болса, гирляндарды дереу өшіру керек. Себебі табылмайынша және жойылмайынша, мұндай өнімді пайдаланбаған дұрыс. Егер сіз бөлмеден шықсаңыз немесе тесекке жатсаңыз, барлық электр құрылғыларын розеткадан өшіру керек.

Жасанды шырша өртеніп кетсе, оны еденге тастап, үстіне кез келген тығыз матаны лақтыру керек, бұл оттегінің қолжетімділігін шектейді. Содан кейін де өрт сөндірушілерді шақырыңыз. Өрт қауіпсіздігі ережелері адамның өмірі мен денсаулығын қорғау үшін жасалғанын есте ұстаған жөн.

Дария БАЙЗУЛОВА,  
Астана қаласы ТЖД Алматы ауданы  
Төтенше жағдайлар басқармасының  
инженері, азаматтық қорғау лейтенанты



№153 (4586) 26/12/2023 Сейсенбі

Райхан РАХМЕТОВА

**А**тап айтқанда, «Шапағат» сауда үйінің айналасындағы 12 аулаға күрделі жөндеу жүргізіліп, көгалдандыру, ойын алаңдарын жаңғырту, жарықтандыру, үйлер арасындағы ауа-мақтағы жолдарға тасжол төсеу жұмысы атқарылды. Аталған сауда үйі аумағындағы 10 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан жабайы сауда нүктелері жабылып, ол жерлер абаттандырылды, ал 30-ға жуық саудагер басқа базарларға ресми сауда қызметі бойынша орналастырылды.

– Абаттандыру жұмысына тұрғындардың өздері идея білдіріп, қандай жаңа нысандар салуға болатыны туралы ұсынысын айтады. Қала тұрғындарының көмегімен биыл бірқатар қоғамдық кеңістік қайтадан жаңа кейіпке енді. Солардың бірі – Көктөбе, 5 қиылысында салынды. Ол жерде бұрын бос жатқан жер бар еді, соның орнына спорт-ойын алаңы пайда болды. Ойын кешендері, тренажерлер қойылды. Ал К.Күмісбеков көшесі бойында ескі гараждар орнына қалалықтардың жайлы және қауіпсіз демалысы үшін жол төселіп, жарық қойылды, 800-ге жуық ағаш отырғызылды. Сонымен қатар Фахд бен Абдул Азиз және Бөгенбай батыр, 43/1 қиылысындағы бос жерге де жарық пен әткеншектер қойылып, абаттандыру жұмысы жүргізілді. Одан бөлек, Желтоқсан, Бұқарбай батыр, Ағыбай батыр, Бейбітшілік көшелері мен Бөгенбай батыр, Республика даңғылдарының бойында қозғалыс қолайлы етіліп, тротуарлар кеңейді, қимыл қозғалысы шектеулі азаматтарға арналған пандустар қайта жаңғыртылып, орындықтар қойылды. Жалпы алғанда, биыл ауданда 40 мекенжай бойынша абаттандыру жұмысын жүргіздік, – дейді аудан әкімі.

#### ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР ЖАҢАРДЫ

Аудан аумағында 587 аула бар болса, соның 142-сі жөндеуді қажет етеді. Өтіп бара жатқан жылда 43 сквер мен қоғамдық кеңістікке жөндеу-қалпына келтіру жұмысы жүргізілді. Атап айтқанда, гранит плиталар орнатылып, сынған, бүлінген жерлер қалпына келтірілді, орындықтар мен қоқыс жәшіктері боялды. Жалпы ауданы 1264 м<sup>2</sup> болатын 16 көшенің жаяу жүргіншілер тротуарына жөндеу жасалды. Ауданы 585 м<sup>2</sup> 9 көшеге жаңа тротуарлар салынды. Келесі жылы 100-ден астам ауланы абаттандыру көзделуде, соның ішінде 50 аулаға күрделі жөндеу жүргізу керек.

– Жеке үйлерді, әкімшілік орындарын қатты нөсер жауында су басу мәселесі кезең-кезеңімен шешілуде. Оны шешу үшін 16 көше мен ауданның 8 ішкі кварталдық аумағында арықтар қазылып, су өткізетін құбырлар салынды. Осы бағыттағы жұмыс жалғасуда, – дейді әкім.

2024 жылы 7 тарихи көше



## БАЙЫРҒЫ АУДАННЫҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

Елорданың ең көне ауданының бірі – Сарыарқада 354 мыңдай адам тұрады. Аудан әкімі Бауыржан ЕРАЛЫНЫҢ айтуынша, мұнда жайлы орта қалыптастыру үшін түрлі бағытта жұмыс жүргізіледі. Соңғы үш жылда аудан аумағында 125 аула мен 32 қоғамдық бірлестік абаттандырылған. Биылғы ең басты жобаның бірі тарихи көшелердің жаңғыртылуы болды.



– Ә.Мәмбетов, Ғұмар Қараш, А.Иманов, М.Әуезов, Кенесары және Жеңіс көшелерін жаңғырту жұмысы жүргізілді. Сонымен қатар Мәскеу мен Гете, Біржан сал мен Гете аралығындағы тротуарлар желісіне жөндеу жүргізіледі. Келесі жылы сонымен қатар 5 қоғамдық кеңес абаттандырылады.

Астананың ең жасыл ауданы саналатын Сарыарқада 52 мыңнан астам ағаштар мен бұталар бар. Бұл көбіне оның бұрын қаланың тарихи орталығы болғанына байланысты. Аудан аумағында барлығы 70 сквер мен қоғамдық кеңістік және «Көктал» паркі бар. Көгалдан-дыру жұмысы аясында биыл

16 мыңнан астам жасыл көшет отырғызылған. 2024 жылы 3 мың ағаш егіп, 1 мың шаршы метр аумаққа көп жылдық өсімдік отырғызып, сонымен қатар, 5 скверді дамыту көзделуде.

#### ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Қалада жарықтандыру мәселесі өте маңызды рөл атқарады. Бұл астаналықтардың түнде жайлы жүруіне ғана емес, қауіпсіздік пен қылмыстардың алдын алуда да үлкен рөл атқарады. Ауданда қазіргі таңда барлығы 330 көше бар, оның 305-і жарықтандырылған. Жарықтандырылған көшелерде 10

мың көше шамдары мен 6 мың паркке қойылған шамдар бар. Бұрыннан жарық қойылмаған 5 көше жарықтандырылды. Жыл соңына дейін коммуналдық қызметтердің келісімімен 25 көше бойынша жарықтандыру жұмысы жүргізіледі. Аудан әкімінің айтуынша, көлік инфрақұрылымы да дамып, жабық жылы аялдамалар салынуға, газдандыру жұмысы да қатар жүруде.

Биыл Кенесары, Сарыарқа, Республика көшелерінде, «Тұлпар» көпірінде, Самал шағын ауданында, «Гранд Алатау» ТК, Музыкалық жас көрермендер театры, Н.Тілендиев көшесі бойында да декоративтік жарықтандыру жұмысы жүргізілді. Желтоқсан, Жеңіс көшелеріндегі нысандарда жарықтандыруды қалпына келтіру жұмысы әлі жалғасуда. Ол 1 қаңтарға дейін аяқталады. Келер жылы 50 нысанда декоративтік жарық қою жоспарланған.

#### ГАЗДАНДЫРУҒА БАСТЫ КӨҢІЛ БӨЛІНЕДІ

Бүгінде аудандағы шет аймақтардағы халықтың 94 пайызы газға қосылды. Бұл дегеніміз – 5141 абоненттің 4834-і. Газдандыру экологияны жақсартып, өрт қауіпсіздігінің деңгейін жақсартты. Осы ретте айта кетерлігі, газға қосылу үшін жиналатын құжаттар саны екі есе қысқарды.

– Астана қаласы бойынша газдандыру жұмысы алғаш рет Сарыарқа ауданында басталды. Биыл 1300 абонент қосылды. Тұрғын алаптардағы 17 әлеуметтік нысан газға қосылып отыр. Газға қосу бойынша әлеуметтік бағдарламалар шеңберінде 105 млн теңге сомасына 254 абонентке көмек көрсетілді. «Халық банкпен» арадағы меморандум шеңберінде халықтың әлеуметтік осал топтары арасынан 68 абонентке газға қосуда көмек берілді, – деп атап өтті әкім.

Қыс келісімен қар шығару мәселесінің өзегі артады. Санитарлық тазалауға 21 мердігер ұйым жұмылған. Олардың



560 техникасы мен 660 жол жұмысшысы бар. Қар қалың түскенде, техника саны 580-ге дейін көбейеді. Сонымен қатар жыл басынан бері ауданда 27 рұқсатсыз қоқыс төгу орны анықталып, жойылды. 20 мың тонна құрылыс қалдығы шығарылды. 605 хаттама толтырылып, 5,5 млн теңге сомасына айыппұл салынды.

жарықтандыру, аялдама кешенін орналастыру, жолдарға тасжол төсеу жұмысы жүргізілді. Сумен қамтамасыз ету, су бұрып, электрмен, газбен жабдықтау бойынша инженер желілері құрылысы аяқталды.

«Халыққа құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы шеңберінде аудан әкімдігі қоғаммен тығыз байланыс орнатқан.

**АУДАННЫҢ БАСТЫ ДАМУ АСПЕКТІСІНЕ ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ, АЯЛДАМА КЕШЕНІ МЕН БАҒДАРШАМ ЖАТАДЫ. АУДАН АУМАҒЫНДА ЖАЛПЫ ҰЗЫНДЫҒЫ 314 КМ БОЛАТЫН 315 КӨШЕ БАР. СОНЫҢ ІШІНДЕ 268 КӨШЕГЕ ТАСЖОЛ ТӨСЕЛГЕН**



#### ЖОЛ САПАСЫ ЖАҚСАРЫП, ҚАУІПСІЗДІК АРТАДЫ

Ауданның басты даму аспектісіне жол инфрақұрылымы, аялдама кешені мен бағдаршам

Мәселелерді шешу үшін тиімді тәсілдерді дамытады. Әкімдік базасында Опен әкімат жүйесі өз сұрағы бойынша хабарласа алады.



Сұлтан СЕЙІТ

1998 жылдың мамыр айында елорданың атауы өзгергеннен кейін қала картасында екі ауданның – Алматы және Сарыарқа – шекаралары белгіленді. Содан бері Алматы ауданы дамуының бірнеше кезеңінен өтті. Халық санының өсуіне және қаланың дамуына байланысты 2008 жылы аудан аумағының бір бөлігі жаңадан құрылған Есіл ауданына, ал 2018 жылы Байқоңыр ауданына берілді.

Алматы ауданында 128943 адам тұратын 6 тұрғын алап орналасқан. Оңтүстік-шығыс шағын ауданында – 80000, Промышленныйда – 20000, Железнодорожныйда – 13526, Интернациональнида – 11000, Мичуринда – 2407 және Күйгенжарда 1135 адам тұрады.

2022 жылдан бастап аудан әкімі 96 жеке қабылдау өткізді, 453 келуші қабылданды және 891 мәселе талқыланды, 568 мәселе (62 пайыз) өз шешімін тапты. Олар материалдық және азық-түлік көмегін көрсетуге, абаттандыруға, көгалдандыруға, мүлік иелері бірлестігін ұйымдастыруға, заң көмегін көрсетуге және т. б. қатысты болды. Есепті кезеңде тұрғын үй, жәрдемақы алу, АӘК, ПИК және ААЖ жұмысы, шағын және орта бизнес үшін жер учаскелерін бөлу және т. б. мәселелер бойынша түсіндіру жұмысы жүргізілді. Жолдар мен желілерді, білім беру нысандарын салу, аумақтарды абаттандыру туралы өтініштер бойынша жұмыс жалғасуда. Ағымдағы жылы тұрғын үй алаптарының тұрғындарымен 9 кездесу өтті, оған 974 адам қатысты. Онда 368 сұрақ қойылды, оның ішінде әлеуметтік мәселелер, абаттандыру, жарықтандыру, аялдамалар бойынша көтерілген 247 мәселе өз шешімін тапты.

#### ГАЗДАНДЫРУ БАРЫСЫ

Алматы ауданы бойынша 5 тұрғын алап – Железнодорожный, Промышленный, Интернациональный, Мичурин, Күйгенжар және Оңтүстік-шығыс шағын ауданы – газға қосылды. Газдандыру бойынша жұмыс шеңберінде 6580 абоненттің 5226-сына техника шарты берілді, 5092 абонент газға қосылды (72,1 пайыз), оның ішінде 252-сі – орта, шағын кәсіпорындар. Сондай-ақ 6 әлеуметтік нысан: фтизиопульмонология орталығы, қалалық инфекция орталығы, «Аққанат» балабақшасы, №57



## АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕР АЗ ЕМЕС

Астана қалалық коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Алматы ауданының әкімі Мақсат САМАТҰЛЫ 2023 жылы атқарылған жұмыстарды қорытындылады.

орта мектеп, Промышленный тұрғын алабындағы «Астана-Энергия» АҚ қазандығы, №13 орта мектеп, №11 қалалық емхана филиалы, оның ішінде 5 көпқабатты тұрғын үй кешені – «Есіл» ТК (Сүткент көшесі 30, 30/1 үйлер), «Табыс» ТК (М.Төлебаев көшесі 2-үй); Қапал көшесі 1-үй, А-123 көшесі 7-үй газдандырылды. Аудан аумағында 4 іске қосу кешені бойынша барлығы 29 газ реттеу пункті орналасқан, желінің ұзындығы 298 шақырымнан асады, сондай-ақ ағымдағы жылы «100 қайырымдылық іс» бағдарламасы аясында «Халық банк» өз қаражаты есебінен 32 абонентті газға қосты, олардың ішінде зейнеткерлер мен аз қамтылған отбасылар бар.

#### ЖОЛДАР МЕН КӨШЕЛЕР

Брифинг барысында аудан әкімі аудандағы жолдар

инфрақұрылымды дамыту жоспарына сәйкес жөнделіп жатқанын атап өтті. Биыл Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы ұзындығы 10,2 шақырымды құрайтын 17 көшені, оның ішінде тұрғын алаптарда ұзындығы 2,72 шақырым болатын 6 көшені ретке келтірді.

2023 жылы жолдардың бүлінуіне байланысты iKomet109 операторына 961 өтінім келіп түсті, Абылай хан даңғылы, Б.Майлин, Күйші Дина көшелері, Қ.Сәтбаев және Мыңжылдық аллеясы бойынша көптеген алағым түсті. Келіп түскен өтінімдер бойынша орамшілік жолдар мен тротуарларды жөндеу жұмысы жүргізілді. Аудан әкімдігімен 4 орамшілік жол, 2 көше (Бехтерева, Қосбасар), 5 автотұрақ («Браво Фамили», Қордай көшесі, 79, 100, Р.Қошқарбаев даңғылы, 50, Дауылпаз көшесіндегі балабақша) жөнге келтірілді. Шұңқырларды жөндеу жұмысы 20 учаскеде (2500 шаршы метр) жүргізілді.

Аудан бойынша барлығы 442 аялдама кешені бар, оның 252-сі – аппарат балансында, оның ішінде 199-ы – шыны, 53-і – жылы (жеке инвестордың есебінен – 8), 152-сі – қалалық үлгіде, 47-сі – вандалға қарсы металл кешендері.

2023 жылы ауданда №72 мектеп, №73 орта мектеп, Vipom мектебі, «Нұрлы жол» теміржол вокзалы, Ғ.Мұстафин көшесіндегі «Сілеті» ТК, №2 Ақмола облыстық ауруханасы, медицина орталығы, №51 мектеп мекенжайлары бойынша 11 аялдама орнатылды.

#### АУЛАЛАРДЫ АБАТТАНДЫРУ

2023 жылы «Халық қатысатын бюджет» жобасы шеңберінде 70 жоба қарауға ұсынылды, оның ішінде 68-і (62-сі – аулаларды абаттандыру жоспары бойынша, 6-уы – су бұру бөлігі бойынша) мақұлданды.

– Бүгінде Алматы ауданында 465 аула бар. Оның 155-і күрделі жөндеуді қажет етеді. Біз бұл көрсеткішті жылдан-жылға жүйелі түрде азайтып келеміз. Соңғы 3 жылда 175 аула және 25 қоғамдық орын абаттандырылды, – деді әкім.

#### КӨГАЛДАНДЫРУ

Жыл басынан бері Алматы ауданында 8500 ағаш (ПИК және әлеуметтік нысандарға 3400 көшет берілді), 506000 біржылдық гүл (11000 шаршы метр), 33000 сәндік бұта отырғызылды. 11488 шаршы метр жерге жаңа көгал орнатылды. Қ.Сәтбаев көшесінде суару жүйесін орнату жұмысы жүргізілді. Соңғы 3 жылда ауданда 175 аула мен 25 қоғамдық орын абаттандырылды. Су бұру бойынша 6 учаскенің 5-еуі жөндеді, ал «Миллениум парк», «Жанұя» ТК шекараларында (Р.Қошқарбаев даңғылы – Қордай көшесі – А.Байтұрсынов көшесі – М.Тынышбаев көшесі – Ш.Қалдаяқов көшесі – Есіл өзенінің бойы – Ақбұлақ өзені – Тәуелсіздік даңғылы) жерасты инженерлік желілерінің болуына байланысты жұмыс жүргізу мүмкін емес.

#### ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР

– Қоғамдық кеңістіктерді дамыту – біздің басты міндетіміздің бірі. Өйткені қала тұрғындары мен қонақтары бос уақытын жайлы және денсаулығына пайдалы түрде өткізе алатын жаңа тартымды орындардың ашылуы бәріміз үшін маңызды деп ойлаймын. Мұндай қоғамдық кеңістіктердің ашылуына қала әкімі де үлкен мән беретінін атап өткен жөн.

раттар құрылысы 2023 жылдың соңында басталды, 2024 жылы аяқталады деп күтілуде.

Биыл №51 және №57 орта мектептер жөндеді. Мектепке дейінгі мекемелерге келетін болсақ, 2017 жылдан бастап әкімдік балабақшалар салған жоқ. Соңғы жылдары пайда болған барлық мектепке дейінгі мекемелер жеке меншікте. 2017 жылдан бастап Алматы ауданында 87 жекеменшік балабақша ашылды. Осыған байланысты елорда әкімі Жеңіс Қасымбек кеңестердің бірінде алдағы 3-4 жыл ішінде балабақшалардың жетіспеушілігін жою үшін елордада кемінде 60 мемлекеттік балабақша салу жоспарланып отырғанын атап өтті.

#### ЖАРЫҚТАНДЫРУ

Ауданда жарықтандыру бойынша жүргізілген жұмыстар барысында ЖКУ шамдарының 95 пайызы жарықдиодты шамдарға ауыстырылды (20500-ден 18960 шам), үйлердің кіреберісінде 1100-ден астам шам орнатылды, саябақтар мен скверлерде 340 жарықтандыру тірегі (оның ішінде 39 тірек – «Жерұйық» паркі, «Встреча» СУ алаңы, Мереке көшесіндегі алаң, «Алма» сквері, Президент паркі, Қазақұлы, Сүткент көшесі 30, Р.Қошқарбаев даңғылы бойындағы сквер) орнатылды. Жарықтандырылмаған көшелерде, атап айтсақ, Мичурин тұрғын алабындағы Бақанас көшесінде, Интернациональный тұрғын алабындағы Жағажай, Мереке, Көксай, Аралқум көшелерінде, Оңтүстік-шығыс шағын ауданындағы Жанкент көшесіне шамдар орнатылды. Сондай-ақ 11 мекенжай бойынша (Ақсұңқар – 8, Бағаналы – 20, Бірімжановтар – 17, Жанкент – 10, Зереңді – 9, Талғар – 12, Көкқорай – 5, Көкпар – 13, Қызылқұм – 9, Ошақты – 14, Сырымбет – 27) қосымша шамдар орнатылды. 2023 жылы балансқа 14 нысан берілді, тағы 20 нысанды алу жоспарлануда. Б.Момышұлы даңғылында 24 үйдің қасбетін жарықтандыру жұмысы жүргізілді. Биыл «Әзірет Сұлтан» мешітінің маңайы жарықтандырылды.

Жаңа жыл қарсаңында Қазақ елі алаңында, Триатлон паркте, Оқушылар сарайында, Президент саябағында, «Нұрлы жол» теміржол вокзалының аумағында, Қ.Рысқұлбеков көшесі 29, Оңтүстік-шығыс, Отау, Сарайшық шағын аудандары мен 4 тұрғын алапта – барлығы 15 алаңда тақырыптық дайындау жұмысы жүргізілуде. 5 мекенжай бойынша, атап айтсақ, Қазақ елі, Оқушылар сарайы, ИМ, Құмыра-миозикл залы, «Нұрлы жол» теміржол вокзалы жанында, сондай-ақ орта және шағын бизнес кәсіпорындарының аумақтарында, «Магнум», «Мечта», «Еуразия», «Аружан», «Рахмет» сауда орталықтарының алдына 5 жаңа жылдық шырша орнатылды.

Дайындаған  
Шолпан АҚБАЛАЕВА



### АЛМАТЫ АУДАНЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

■ Ауданда 8772 бала контингенті бар **28** мемлекеттік балабақша жұмыс істейді. Жеке балабақшалар саны – **170**

■ Биыл ауданда **8500** ағаш, **506000** біржылдық гүл, **33000** сәндік бұта отырғызылды

■ Биыл ұзындығы 10,2 шақырымды құрайтын **17** көшені, оның ішінде тұрғын алаптарда ұзындығы 2,72 шақырым болатын **6** көшені ретке келтірді

■ 2021 жылы газға **1613** абонент, 2022 жылы **2775** абонент қосылды. Газға қосылудың орташа бағасы **600-800** мың теңгені құрады

Төлен  
ТИЛЕУБАЙАПАТТЫ ҮЙЛЕРДЕН  
4710 ТҮРҒЫН  
КӨШІРІЛДІ

Жаңа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізгенде апатты және ескі үйлерге қатысты проблемаға тоқталғаны мәлім.

«Оң жағалауды – қаланың ескі бөлігін сақтауға және дамытуға тиісті деңгейде көңіл бөлу қажет. Оның өз харизмасы бар. Біз Астананы тең дәрежеде дамытуымыз керек. Инвесторлар апатты жағдайдағы ғимараттармен айналысуы қажет. Тұрғындарды басқа жаққа көшірсін. Босаған жерге жаңа нысандар салсын. Ал әкімдік оларға қажетті жағдайды жасасын. Инженерлік инфрақұрылымды дамытсын. Жолдар, әлеуметтік нысандар салып берсін. Осылай бірлесіп жұмыс істегенде ғана ескі және апатты жағдайдағы тұрғын үй мәселесі шешімін табады. Сонымен қатар қаланың орталығы мен шет аймақтар арасындағы теңсіздікті жояды. Қаланың ескі бөлігінің сыртқы келбеті жақсарады. Елорданың сол жағалауы ғана емес, барлық ауданы қолайлы болуы керек. Адамдардың жайлы тұрмысын қамтамасыз ететін құрылыс саласындағы озық шешімдер бас қаланың барлық аймағында қолданылуға тиіс. Аспанмен таласқан биік үйлер, ауқатты кварталдар мен кедей аудандар, жартылай қираған ғимараттар бұл біздің жол емес. Жағдайды «теңестіру» керек. Әділетті қоғам құру осындай ұстанымнан басталады» деді сол жиында Президент.

Қала басшысы Жеңіс Қасымбек реновация бағдарламасы бойынша жұмыс қарқынды жүргізіліп, жалғасып жатқанын тілге тиек етті. 2029 жылға дейін 206 апатты үйден 4710 тұрғын үй иелерін көшіру жоспарланған. Алғашқы 3 апатты үйдің тұрғындары көшіріліп, басқа үйлер бойынша жұмыс жалғасуда. Тұрғын үйлерді тығыздап салуға қатысты мәселелер де өз шешімін табады. Бұл туралы Жеңіс Қасымбек:

«Тұрғын үйлердің тығыз салынуы бойынша мәселе бар. Жыл басында жұртшылық наразылық білдіріп, жедел шешімді талап еткен 20-дан астам нысан болды. Біз бүгін елорданың егжей-тегжейлі жоспарына өзгерістер енгіздік. Барлық шешім қаладағы белсенді тұрғындардың қатысуымен қабылданды. Шешімдердің 90 пайыздан астамы қала тұрғындарының пікірін ескере отырып қабылданғанын жеткізім келеді. Енді нақты мысалдар келтірейін. Мәселен, тығыз салынған құрылыс нысандарының барлығына дерлік қатысты оң шешім қабылданды. Атап айтқанда, мектеп, білім беру орталықтары мен денсаулық сақтау мекемелері сияқты 8 әлеуметтік нысан және 9 қоғамдық кеңістік салу жоспарланды. Ал қалған нысандар бойынша сот шешімін күтіп отырмыз» деп түсіндіріп берді.

2024 ЖЫЛЫ  
ҮЛЕСКЕРЛЕР МӘСЕЛЕСІ  
ТҮБЕГЕЙЛІ ШЕШІЛДІ

Қала әкімі айрықша назар аударған мәселенің бірі – үлескерлер. Жеңіс Қасымбек 2023 жылдың басында Астанада құрылысы аяқталмаған, үлескерлер қаражат салған 16 нысанның болғанын мәлім етті. Осы нысандарға 4 мыңнан аса үлескер ақша салған.

«Бүгінге дейін шамамен 3,6 мың салымшы өзінің көптен күткен пәтер кілтін алды. Ал қалған үлескерлер 2024 жылдың бірінші жартысында жаңа үйіне қоныстанады. Яғни келесі

ЕЛОРДА –  
ҚҰРЫЛЫС  
ОРДАСЫ

Құрылыс саласы елорда экономикасының негізгі драйвері болып қала береді. Бұл туралы Астана әкімі Жеңіс Қасымбек бас қаланың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері туралы есеп берген жиында мәлімдеді. Әкімнің айтуынша, биыл жеңілдетілген мемлекеттік бағдарламалар бойынша қала басшылығы азаматтардың әртүрлі санаты үшін 5200 пәтер беру туралы алдына міндет қойған. Әртүрлі санатқа, атап айтқанда, жетім балалар, көпбалалы аналар, әлеуметтік жағынан осал топтарға жататын азаматтар, сонымен қатар, жұмыс істейтін жастар кіреді. «Қазіргі кезде осы үйлерге қатысты құжаттарды рәсімдеу бағытындағы тиісті жұмыс жүріп жатыр. 2024 жылдың басында баспана кезегінде тұрған тұрғындар жаңа қонысына кіреді» деді Ж.Қасымбек.

жылы біз елордадағы үлескерлер мәселесін түбегейлі шешеміз» деді қала басшысы.

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек үлескерлермен үнемі кездесіп, олардың барлық мәселесін ашық талқылайды. Сол кездесулерін қала басшысы күн сайын әлеуметтік желілердегі парақшасында бөлісіп отырады.

ТҮРҒЫН ҮЙ ҚОРЫ  
ЕКІ ЕСЕГЕ ӨСЕДІ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қаланың 2035 жылға дейінгі дамуы жөніндегі Бас жоспары әзірленіп, жергілікті мәслихат депутаттары тарапынан бекітілді. Осы жоспарға сәйкес, қаланың аумағы өзгеріссіз қалады – 79,7 мың гектар. Оның басым бөлігін «жасыл белдеу» құрайды. Ол Есіл, Ақбұлақ, Сарыбұлақ өзендерін, Нұра-Есіл каналын бойлай салынатын саябақтармен, жасыл жағалаулармен көмкеріліп, біртұтас табиғат-ландшафт кешенін құрайды.

Жаңа Бас жоспарға сәйкес, Мыңжылдық аллеясы, Тельман тұрғын үй алабы және Тұран даңғылының батыс жақ бөлігі құрылыстың келешегі зор аудандары деп анықталған.

«Алдағы 10 жылда қала тұрғындарының саны 2,3 млн адамға дейін өседі деген болжам бар. Осыған сәйкес, тұрғын үй қоры екі есеге ұлғайып, 68 млн шаршы метрді құрайды. Жаңа Бас жоспар бойынша 2035 жылға дейін барлығы 178 балабақша, 164 мектеп, 93 денсаулық сақтау мекемесі салынады. Бас жоспардың жобасы қала қоғамдастығымен, мәслихат депутаттарымен келісіліп, қажетті сараптамалардан өтті» деді Жеңіс Қасымбек.

ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ,  
САПАСЫ ТӨМЕН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте құрылысқа қатысты бірқатар сын-ескертпе айтқаны мәлім. Өкінішке қарай, құрылыс қарқыны жоғары болғанмен, сапаға көңіл бөліне бермейді. Бұл салада олқылық өте көп. Президент соларға нақты мысал келтірді.



«Қаланы көркейтп, жұртқа қолайлы жағдай жасау басты назарда болуға тиіс. Алайда жекелеген құрылыс компанияларының мүддесі басым түсіп жатады. Қаланы дамыту ісінде бірзіділік болмаған соң, орынсыз құрылыс көбейіп кетті. Әлеуметтік нысандар мен қоғамдық орындар болуға тиіс жерлерде тұрғын үй кешендері салынды» деді сол жиында Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бизнесті тексеруге салынған тыйымды желеу етіп, алаяқ құрылыс компаниялары да пайдаға кенеліп жататынына тоқталды.

«Құрылыс – экономиканың өте маңызды саласы. Бұған дау жоқ. Астанада құрылыс көп болғандықтан, қомақты қаржы бөлінетіні белгілі. Сондықтан,

адал кәсіпкерлермен қатар, түрлі алаяқтар да пайда көріп қалуға тырысады. Кейбір компаниялар құрылыс жүргізуге рұқсат беретін құжаттары болмаса да, жұмыс істеп жатыр. Бизнесті тексеруге салынған тыйымды, яғни мораторийді желеу етеді. Сондай-ақ үлескерлерден заңсыз қаражат жинайды. Бұл – өте қауіпті үрдіс. Әкімдік құқық қорғау органдарымен бірлесіп, бұған тосқауыл қоюы керек. Мұның бәрі жаңа проблемалық нысандардың пайда болуына әкеп соқтырады. Әкімдік көз жұмып отыра берсе, бұл мәселе ушығып кетеді. Шенеуніктердің мұндай салғырттығы және жауапсыздығы ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруі мүмкін. Сондықтан барлық салада, соның ішінде құрылыс саласында заң

мен тәртіп болуға тиіс. Мен заңсыз құрылысқа жол бермеу үшін бақылауды күшейтіп, саланы реттеуді тапсырдым» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жеңіс Қасымбек Президент айтқан сынға қатысты тұрғындардың өтініш-тілегіне назар аударылып, жосықсыз құрылыс жүргізуді заңды тұрғыда шектеп, ендігі уақытта құрылыс компаниялары әлеуметтік инфрақұрылым жүргізбей, тұрғын үйлерді салуға рұқсат бермейтінін мәлімдеді.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР  
БОЙ КӨТЕРЕДІ

Президент елорда халқының тұрмыс сапасын үздіксіз арттыру үшін Астананың барлық тұрғынына қала инфрақұрылымы, атап айтқанда, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, сондай-ақ саябақтар мен қоғамдық орындар секілді нысандар тең дәрежеде қолжетімді болуға тиістігін ескертті.

«Емханалардағы кезектің көптігіне және жеке клиникаларда көрсетілетін қызметтің қымбаттығына байланысты адамдар соңғы сәтке дейін дәрігерге қаралмайды. Мұның бәрі қала тұрғындарының денсаулығына кері әсерін тигізеді. Жағдайды түзеу үшін елордада үшінші көпбейінді аурухана салу жөніндегі ұсынысты қолдау маңызды деп санаймын. Сапалы білім беру қызметінің қолжетімді болуы аса маңызды. Астанада баланы мектепке немесе балабақшаға орналастыру әлі де өзекті мәселе болып отыр. Көптеген мектепте оқушылар саны жоспарлы межеден артық. Шын мәнінде, үш ауысымды оқыту жүйесі сақталып отыр. Бұған жол беруге болмайды. Қалада жаңа білім беру мекемелерінің құрылысына басымдық беру қажет. Сондай-ақ 15 қосымша білім беру нысанын салу керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев Астананы дамыту жөніндегі жиында.

Президенттің тапсырмасы қалай орындалатынын қала басшысы өзінің баяндамасында егжей-тегжейлі айтып берді.

Қазір Астанада 8 мектеп үш ауысыммен бала оқытады.

«Биыл 7 мектеп пайдалануға берілді. Тағы 5 мектептің

құрылысы аяқталуға жақын. 2024 жылы 25 мектептің құрылысы жоспарланды. Атап айтқанда, жекеменшік – 3, мемлекеттік – 7 және «Жайлы мектеп» жобасы аясында 15 мектеп саламыз. Жалпы «Жайлы мектеп» жобасы бойынша 90 мың оқушыға арналған 24 мектеп салынады. Оның 15-і қарқынды дамып келе жатқан Есіл және Нұра аудандарында орналасады. Осылайша, 2028 жылға дейін екі ауысымда 200 мыңға жуық оқушы орнына арналған 80-нен астам мектеп салу жоспарланды» деді Ж.Қасымбек.

Балабақша салу мәселесі де бір жүйеге келеді.

«Бүгінде инвесторлардың қаражаты есебінен 16 жекеменшік балабақша салынууда, сондай-ақ 2029 жылға дейін 60 мемлекеттік балабақша салу жоспарланды. Бірінші кезең аясында 2025 жылы жергілікті бюджет және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік қаражаты есебінен 10 балабақша салу жоспарланды» деді қала басшысы.

Оқушылар сарайы – балалардың өнерге, ғылымға, технологияға және спортқа қызығушылығын арттыратын алаң. Сондықтан мектептен бірге оқушылардың қабілетін шыңдайтын орталықтар ашу керек-ақ. Астана қаласының әкімі 2029 жылға дейін жергілікті бюджет және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 15 заманауи Оқушылар сарайын салуды жоспарлаған. Биыл Тұран даңғылында «Сана» оқушылар сарайы пайдалануға берілсе, алдағы жылы қаланың әр ауданында 5 Оқушылар сарайының құрылысы басталады.

Президент қадап тапсырған тағы бір мәселе – медицина инфрақұрылымын дамыту. Бұл бағытта 2024-2027 жылдар аралығында 12 нысан салынады. Оның ішінде 2 перинаталдық орталық, 2 жаңа заманауи кепсалалы аурухана (оның 1-еуі – балалар ауруханасы), 3 мемлекеттік және 5 жеке емхана салынады.

КӨЛІК  
ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ  
ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Астанада көлік инфрақұрылымын дамытуға айрықша көңіл бөлінеді. Бұл сала да құрылыстың бір бөлігіне жатады.

«Ірі қалада халықтың тұрмыс сапасына қоғамдық көлік пен жол кептелісі тікелей әсер етеді. Сондықтан көлік инфрақұрылымын дамытудың айрықша мәні бар» деген еді Мемлекет басшысы жаздағы жиында.

Бұл бағытта Мемлекет басшысының тапсырмасына сай бірыңғай көлік жүйесін дамыту стратегиясы әзірленгені белгілі. Бұл туралы Жеңіс Қасымбек өз баяндамасында мынадай деректерді келтірді: «Яғни біздің алдымызда жол қауіпсіздігін жақсарту, автокөлік кептелісін азайту және көлік қозғалысының қоршаған ортаға әсерін төмендету міндеті тұр. Биыл 72 көшеге орташа жөндеу жұмысы жүргізілді. Әл-Фараби даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына дейін жаңа көпірдің ашылуы Түркістан, Ақмешіт және Мәңгілік ел көшесіндегі көлік ағымын 15 пайызға төмендетті. Келесі жылы Тәуелсіздік даңғылын Қабанбай батыр даңғылына шығатын тұсына дейін ұзартамыз. Ш.Айтматов көшесінің ашылуы Сығанақ көшесі мен Ұлы дала даңғылының аралығындағы Тұран даңғылындағы көлік кептелісін айтарлықтай азайтып, көлік жүктемесін 12 пайызға дейін қысқартады. Кенесары мен Қорғалжын тасжолын байланыстыратын жаңа көпірдің құрылысы келесі жылы басталады. Сонымен қатар кіші айналма жолдың құрылысы жүргізіледі».



Қазақ батыры қашан да жерінің қорғаушысы ғана емес, елдік пен рухтың жанашыры да бола білген. Осындай өмірінен өнеге алар батырлардың бірі Тайлақ Мәтіұлы (1693-1739). Туғанына 330 жыл толған Тайлақ – батыр, мерген, қолбасшы. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында берілген мәліметке назар аударсақ, Тайлақ Мәтіұлы Әбілқайыр ханмен үзеңгілес, құрдас әрі ақылшы-кеңесшісі болған. 1726 жылы Ордабасы құрылтайына, 1727 жылы Бұланты шайқасына және 1729 жылы Аңырақай шайқастарында Кіші жүз жасағын басқарған атақты қолбасшылардың бірі ретінде танылған.

**К**оғам қайраткері М.Төлепбергелен «Саңырық батыр» тақырыбында жазған мақаласында: «Саңырық пен Тайлақ батырларды жалпыұлттық батыр деңгейінде және сол биіктікте тану ерен еңбекті бағалау және ақиқатқа жүгіну деп санаймыз. Ел арасынан алынған дереккөздерге қарағанда, Саңырық Тоқтыбайұлы өзі Тайлақ Мәтіұлының жиені, жас жағынан нағашысынан кіші, бірақ көп емес, нықтас, замандас деуге болады» деп жазған.

Тайлақ батыр әуелі ұрыстарда өзінің әкесі Мәті би, туыстары Шом батырлармен бірге жүріп үйренген. Солардың үлгі, өнегесін алған. Яғни, ізбасар, бабалар ізін жалғастырушы болған. Тайлақ батыр өз заманында асқан батыр, әскери өнерді жетік меңгерген және ұрыс айла-тәсілдерін шебер ұйымдастырушы, қолбасшы ретінде көзге түскен. Қазақ-қалмақ арасындағы шайқастарға Тайлақ батыр мен оның ағасы Дербіс батыр қатысқан. Сондай-ақ Саңырық батырдың інісі Сарымерген және ағасы Дәнен есімді батырлар да қатысқан екен.

#### БАТЫРҒА ҚАТЫСТЫ ҚАНДАЙ ДЕРЕКТЕР БАР?

Қазақ зиялыларының еңбектерінде: М.Тынышбаевтың «Қазақ халқының тарихы», І.Есенберлиннің Көшпенділер трилогиясының «Жанталас» кітабында, Ә.Келдібаевтың «Үркер» романында, Ә.Әлімжановтың «Жаушы» кітабында, С.Байдәулетовтың «Алтын кіндік ханзада ұранды қарт қазақтар» кітабында, С.Қойшыбаевтың «Тұлпар» кітабында Тайлақ батырдың ерлік өмірі суреттелген.

Қазақ пен қалмақ шайқастары туралы І.Есенберлин «Жанталас» кітабында, «Қазақтар ежелгі атамекен қонысы Жетісу мен Сырдария бойындағы сан қаласының, сар даласын қалмақтар басып алған, бейбіт қазақ елі босып көшкен атақты «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» аяғы ақ түтек боран, сары аяз, қызыл шұнақ үскірік қысқа ұласты. Бүкіл дүние-ежүзінің айдаһары Сыр бойына жиналып, аузынан қар боратып, ысқырынып жатқандай, қарлы-боран бірде-бір толастамады. Жығылғанға жұдырықтың кері кеп, жеті ағайынды жұт жетті. Арамнан жиналған ас болмайды. Халықты жылатып тартып алған қазақтың қыруар малы шөп жетпей мың-мыңдап қырылды. Қалмақтар бар табысынан айырылды. Ал

қазақ елінің бұл жылғы көргенін қағаз бетіне түсіру мүмкін емес еді. Тек сан айкасты басынан кешкен батыр ел бұл апаттан да тегіс қырылмай, әуірімдеп аман қалды.

Қазақ елі қалмақ қырғынынан кейін екі жыл уақыт өткенде есін жиып, басқыншыларға қарсы тұрды. Ең алғашқы жеңісті Кіші жүз Тайлақ батыр мен Ұлы жүз ошақты руынан шыққан Саңырық батыр әкелді. Бұлар Бұланты-Білеути өзендерінің ортасындағы «Қара сиыр» деген жерде қалмақтың қалың қолымен бетпе-бет айкаста ойсырата жеңді, – деп жазған еді. Бірақ, І.Есенберлин бұл тарихи шығармасында М.Тынышбаев еңбегіне сүйеніп, жаңылыс жазған. Тарихи орынның шынайы атауы – «Қарасүйір» деген жер.

Жазушы Әнуар Әлімжанов «Жаушы» романында Әбілқайыр хан өзінің ру басылары мен батырларына дөңгелек мөр алтын тайтұяқ үлестірген. Оның бетінде батырлардың ерекшеліктеріне қарай бүркіт, қабылан, жолбарыс, тау текенің айырма-белгісі болғанын жазған. Осы тарихи кітапта Бөгенбай, Малайсары, Саңырық, Қабанбай батырларға алтын арыстан белгісі бар алтын тайтұяқ, ал Тайлақ батырға бүркіт бейнелі алтын тайтұяқ сыйлағандығы баяндалады. Одан кейін Тайлақ батыр көбінесе Ырғыз даласында бас батыр ретінде суреттеледі.

Осы аталған шығармаға назар аударсақ, қалмақтардың көмекке келе жатқан тың күшін талқандап, кейін қарай қуып тастаған соң өзінің сарбаздарын бастап Бұлантыға қарай жол тартқан Бөгенбай батырды Саңырық пен Тайлақ зор қошеметпен қарсы алды. Қапсағай бойлы, кең кеуделі Бөгенбай ақжарқын сабырлы еді. Ол батырлармен шын бауырларша көрісіп, өзінің дарқан мінезімен құрмет пен сенімге ие болды. Кездесуден кейін Тайлақ пен Саңырық бірауыздан Бөгенбайды орталарынан бас батыр етіп сайлады, – деп мәлімет келтірген.

XVIII ғасырдағы қазақ тарихы бойынша ірі зерттеуші М.П.Вяткин «Очерки по истории Казахской ССР» аталатын еңбегінде орыс дерек көздеріне сүйене отырып, қазақ-қалмақ шайқасы туралы: «Басқыншылықпен келген қалмақтарға тойтарыс беруді қарапайым халық ішінен шыққан батырлар ұйымдастырады. Атап айтсақ, Кіші жүзді Тайлақ, Ұлы жүзді Саңырық және Орта жүзді Бөгенбай батырлар ұйымдастырып шықты. Олар 1727-1729 жылдары қазақ-қалмақ шай-



## ТАЙЛАҚ БАТЫРДЫҢ ЖОРЫҚ ЖОЛЫ

қастарында жеңіске жетіп, жауға тойтарыс берді» деп нақты тарихи дерек негізінде атап көрсеткен.

Қазақстан тарихына қатысты «Телеуе» арнаған шежірелік басылымның VI томында Тайлақ батыр туралы мол мәлімет Т.Омарбеков, Б.Кәрібаев жазбаларында берілген. Одан кейін батырдың тұлғалық бейнесін аша түсетін бірқатар мақалалар да жарық көрген.

#### «АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМА»

1723 жылдың көктемінде жоңғарлардың қалың қолы шабуыл жасады. Шапқыншылар еліміздің оңтүстік өңірінде бейбіт елді қырғынға ұшыратып, Түркістан, Сайрам, Ташкент қалаларын жаулап алды. Осы жылы қазақтар шайқас даласында 100 мыңға жуық жауынгерінен айырылды, ал қорғансыз халықтың шығыны одан әлдеқайда көп болды. Қорғануға мұршасы келмеген ел, әсіресе, Талас, Боралдай, Арыс, Шыршық, Сырдария өзендері бойында көп қырылды. Тірі қалғандары ата мекендерін тастап шықты. Тарихта бұрын болып көрмеген алапат құбылыс – қазақ халқының үдере қашқан босқыншылығы туды. Ұлы жүз, Орта жүздің шағын бөлігі Сырға, Шыршыққа құятын тұстан сал жоғары өткелден өтіп Ходжент, Самарқан иеліктеріне көшті. Кіші жүз Сауран қаласын айналып («Сауран айналған») Бұқараға ауды. Халықтың басым көпшілігі Сырдан өтіп, Алқакөлге жетіп құлады. Кейбір ру-тайпалар Қызылқұм, Қарақұм ішіне сінді. Осы тұста халықтың жүрегінде мәңгі сақталған мұңға толы «Елім-ай» әні дүниеге келді.

1723 жылы қазақ-қалмақ болып жиылып соғысқанда, қалмақтың билеушісі Цеван Рабдан қазақтың көбін қырып, қалғанын қуып жіберген. Сонда қазақтар

аш-жалаңаш, жаяу шұбап бір көлдің басына келіп, көлді айнала сұлап жатыпты. Сонда бір ақсақал кісі айтыпты:

Балалар, адам бастан кешкен жаңалықты қандай ұмытпаса, жаманшылық көргенін де сондай ұмытпауы керек. Біздің бұл көрген жазбаларында берілген. Одан кейін батырдың тұлғалық бейнесін аша түсетін бірқатар мақалалар да жарық көрген.

Қара тауың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын  
Бір тайлақ бос келеді.  
Қырдан астап айырылған жаман екен,  
Екі көзге мәлітпен жас келеді...» деп бұрынғы қайғылы оқиға туралы Шәкәрім Құдайбердіұлы да жазған екен.

#### ҚАЛМАҚТАРҒА ҚАРСЫ ЖОРЫҚ

Әбілқайыр ханның мол



Тайлақ батыр әуелі ұрыстарда өзінің әкесі Мәті би, туыстары Шом батырлармен бірге жүріп үйренген. Солардың үлгі, өнегесін алған. Яғни, ізбасар, бабалар ізін жалғастырушы болған. Тайлақ батыр өз заманында асқан батыр, әскери өнерді жетік меңгерген және ұрыс айла-тәсілдерін шебер ұйымдастырушы, қолбасшы ретінде көзге түскен

қазақ жасақтары Әбілқайыр ханды бас қолбасшылыққа сайлаған. Қазақ жауынгерлері алғашқы жеңіске 1726 жылы Шұбартеңіз маңында қол жеткізді. Одан кейін мықты қаруланған жоңғар әскеріне қарсы Ұлытау мен Сарыарқаны қорғау мақсатында 1727 жылы Бұланты мен Білеути аралығында «Қарасүйір», «Қалмаққырылған» деген жерде жан алып, жан беріскен шайқас өткен.

Осы Бұланты-Білеути өзендері аралығындағы шайқаста ерекше көзге түскен және ең алғашқы жеңістің туын желбіреткен Кіші жүз жетіруынан Тайлақ батыр мен оның жиені Ұлы жүз ошақты Саңырық батыр туралы деректі қазақ қарияларынан ең алғаш рет жазып алып, Әбубәкір Диваев «Көк-Кесене мавзолейі» атты мақаласында 1905 жылы жариялаған. Одан кейін қазақ зиялысы М.Тынышбаев «Қазақ халқының тарихы» еңбегінде жазған. Осы аталған еңбектерге кейін тарихшы Ирина Ерофеева сілтеме жасаған.

танылуы тарихи ой-түйін айтуға да негіз болады. Ең әуелі мына мәселені атап өтуіміз қажет. Саңырық батырдың көтерілген биігі, оның батырлық абыройы, қиын-қыстау сұрапыл кезеңде елі мен жерін қорғау жолында ұран салған ерлігі мен жеңісі бүкіл қазақ даласына мадақ болып естіліп, мақтанш болып жырланған. Тарихи жырда: «Босқан елді құрап ап, Қол бастаған Саңырық, Алладан медет сұрап ап, Жол бастаған Саңырық, Қарсы келген жауына, Қырғын салған Саңырық, Анталаған қалмаққа, Сүргін салған Саңырық, Тайлақ батыр екеуі, Серік болған Саңырық...» деп жырланып, арғы замандардан халық арасында ерлік дастаны болып жеткен.

#### ҚАРАТАУДА ҚАҚТЫҒЫС БОЛҒАН БА?

Қолбасшы Тайлақ батыр мен жиені Саңырық батырдың Ордабасы, Қаратау және Қазығұрт аймағында қалмақтарға қарсы соғысқанын көп ел біле бермейді. Ол шайқастар туралы кезінде ескілікті қариялардан көп тыңдаған және сол мәліметті жеткізуші Әбілді бидің келіні, Қылышбектің қызы – Ұрзия. Бұл Әбілдінің аталары Тайлақ батырдың немересі Қазанғап батырмен туыс болған. Қазанғап батыр осы Бадам төңірегінде қоныстанған соң өзі сұрастырды ма, әлде ескі қариялардың көрсетуімен айтты ма екен? Тайлақ батыр мен Саңырық батырдың қалмаққа қарсы соғысқан жері деп қазіргі Қараспан төбесін ары Бадамға шыға бестегі бұрынғы Жамбыл елді мекенінің жерін айтады екен. Шайқаста Тайлақ батырдың мыңбасы батырлары қасында жүрген.

#### АҢЫРАҚАЙ СОҒЫСЫ

Жоңғар басқыншыларына қарсы қазақ халқы Отан соғысының (1729/1730) жеңіспен аяқталуында Аңырақай шайқасы аса көрнекті рөл атқарды. Ол туралы қазақтардың дәстүрлі ауыз әдебиетінде айтылады. Сондай-ақ М.Тынышбаевтың еңбегі және басқа да бірқатар жанама деректемелер арналған. Тарихта Аңырақай шайқасы өткен алқап Балқаш көлінің оңтүстік-шығыс жағында 120 шақырым жерде болғандығы айтылады.

Аңырақай шайқасына байланысты тарихшы И.В.Ерофеева өзінің «Хан Абулхайр: полководец, правитель и политик» атты еңбегінде нақты деректер келтірген. Онда Аңырақай шайқасына қатысқан Бөгенбай, Қабанбай, Тайлақ, Саңырық, Малайсары және тағы басқа көп батырлар қатысқан деп жазды.

Ғалым бұл еңбегінде қазақтар мен қалмақтар шайқастан кейін бейбіт келісім жасады дейді. Осы шайқастың өткендігі туралы 1730-1731 жылдары Әбілқайырдың башқұрттарға барған елшілері айтқан. Башқұрттар қазақ-қалмақ арасында осындай үлкен шайқас болғандығы туралы Ресей үкіметіне хабар берген.

Аңырақай шайқасынан кейін Үш жүздің ханы Болат өлді, таққа Кіші жүз ханы Әбілқайыр, Болаттың ұлы Әбілмәмбет таласты. Таққа Әбілмәмбет отырды. Соғыс алаңын әуелі Әбілмәмбет, іле-шала Сәмеке тастап кетті. Қазақ қонысы шегінді, Орта жүз Шу бойына кетті, Ұлы жүз қалмаққа бағынды. Әбілқайыр орыс шекарасына жылжып, іргесін Орта жүзден аулақ салды, сойтіп де, Ресеймен одақ болу жөнінде келіссөздер жүргізді.

Дуылғалы дала перзенттері Тайлақ пен Саңырық батырлардың Бұланты мен Аңырақай шайқастарында қазақ сардарларының қолын бастап шыққаны, ту ұстаған батырлардың бірегей болып

Міне, осындай жойқын шабуылдардың бір бағыты Сары-Манжа ноянның қол бастауымен Сыр бойына бағытталған уақытта 1739-1740 жылдары шамасында Тайлақ батыр жаумен шайқаста қоршауда жараланып шығып, кейін Қаратау мен Шиелі арасында қаза тапқан сияқты. Міне, осындай қазақ халқының даңқты тұлғасы – Тайлақ Мәтіұлына қатысты тарихи шайқас орындары мен «Тайлақ өлген», «Тайлақ бұлағы» деген жерлердің атаулары да сақталып қалған.

Қазақ халқының азаттығы жолында күрескен тарихи тұлға, даңқты қолбасшы – Тайлақ Мәтіұлының ерлігі мен жорық жолдарын әлі көп зерттеу қажет. Ол үшін тарихи орындарға экспедициялар ұйымдастырып қарау керек. Одан кейін Ресей архивтері мен кітапханаларынан материалдарды қарау үшін көп ізденіс жасалуы тиіс.

Есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері қазақтың әрбір өлкесінде бар. Олардың есімін әрдайым ұлықтаудың, жас ұрпақ біліп өсуінің маңызы өте зор. Біз тарихымызды тасқа басқан бабаларымыздың ұрпағы ретінде Тайлақ батыр сияқты тұлғаларымыздың есімін әрдайым дәріптеп, есте қалдыру шараларын қолға алуымыз керек деп білеміз.

**Қанат ЕҢСЕНОВ,**  
Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері,  
тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

# «АҚЫЛДЫ ҚАЛА» АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

«Ақылды қалалардың» жаһандық рейтингінде Астана көш басында болмағанымен, 2,48 балл жинап, алтыншы орынға жайғасыпты. Бұл көрсеткіш бойынша ең цифрлық мемлекет саналатын Сингапурдың өзі 4,4 балл алса, әлемдегі ең жайлы әрі әдемі қала – Дубай 3,6 балды иемденіпті. Ал ежелгі көршіміз Мәскеу де 3,6 балды қанағат тұтқан. Осыған қарап, Арқа төсіндегі әлем назарын аудара бастаған әдемі астанамыздың келешегі кемел екеніне сенім молая түседі.



## Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

### ТЫҢ БАҒДАР, ҚАУІПСІЗ ҚАЛА

Биыл жазда Астана Бас жоспарының жаңа жобасын қоғамдық тыңдау барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев болашақтың инновациялық даму үлгісіне сәйкес шаһарды «Ақылды қала» жобасы аясында бұдан әрі де кеңінен өрістеу мүмкіндіктерін қарастыруды тапсырған еді.

«Әлемде қаланы басқарудың жаңа цифрлық тәсілдері жүйелі қолданылуда. Біз бұл озық тәжірибені үйренуіміз керек. Мен Біріккен Араб Әмірліктеріне барған сапарымда G42 компаниясының басшыларымен арнайы кездестім. Бұл компания жасанды интеллекттің дамуы жағынан дүниежүзінде көш бастап келеді. Міне, «ақылды қала» жобасы төңірегінде олар бізбен өздерінің қол жеткізген жетістіктерімен бөлісуге өзін» деді Қазақстан Президенті.

Осыған орай кейінгі кезде елорда әкімдігі еліміздің цифрлық даму министрлігімен бірлесе отырып, Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыра бастады. Атап айтқанда, қазір IT-бизнес өкілдері мен осы саладағы кәсіби мамандар жұмысқа кеңінен тартылып, тың бағдарламалар аясында Астана Digital Nomads аймағы орталығы болуға лайықты қала деп танылды.

Бұған дейін де Астана қаласының әкімдігі «Smart Astana» тұғырнамасы негізінде екі ірі жоба – «Қауіпсіз қала – Астана қаласының тіршілік қызметін кешенді қамтамасыз ету» мен «Интеллектуалды көлік жүйесі»

жобаларын өмірге сәтті енгізген еді. Соның айқын айғағы ретінде қазір бас шаһар тұрғындары оның игілігін көруде.

«Smart Astana-ны» енгізгендегі түпкі мақсат – елорда тұрғындарына жайлы да жағымды жағдай жасау, олардың тұрмыс дәрежесін бұдан да жақсартып, әл-ауқаттарын арттыру. Шаһардың инфрақұрылымын жаңартып, қоғамдық қауіпсіздік іс-шараларын жетілдіру еді. Айтқандай, осы аталған жоба қазір еуропалық «ақылды» қалаларды дамыту үлгісіне негізделіп, ақылды экономика, ақылды басқару, ақылды өмір сүру деңгейі, ақылды жұмылу, ақылды адамдар және ақылды қоршаған орта тұғырнамасы бағытында жүзеге асырылуда.

Қазір цифрлық инновацияларды енгізу мен оны одан әрі дамыту, әсіресе ішкі істер саласында пәрменді қолдауға ие. Жедел басқару орталығының базасында полициямен байланыстың баламалы құралы – «Азаматтардың өтінішін қабылдау» және «SOS: дабыл батырмасы» жобалары іске қосылды. Осылайша «полиция 102» мобильді қосымшасын пайдалана отырып, азаматтар полицияға тікелей бейнеқоңырау шала алады, фотосуреттер мен бейнематериалдар қоса берілген мәтіндік хабарламаны да жібере алады.

«SOS: дабыл батырмасы» жобасы бойынша қаланың адам көп жүретін жерлеріне онлайн режимінде басқан кезде жедел басқару орталығының қызметкерімен тікелей байланысуға мүмкіндік беретін 19 арнайы құрылғы орнатылды.

Қылмыстың алдын алу және жедел әрекет ету мақсатында қоғамдық орындарға «Кілем»

бейнебақылауын («Ковровое» видеонаблюдение) дамыту жалғасуда. Тағы бір маңызды жобаның бірі – «Үздіксіз бейнебақылау» жүйесі. Күні бүгін қаланың жедел басқару орталығында 30 мыңнан астам бақылау камерасы орнатылды. Соның ішінде 13 мыңы – «Сергек» камералары.

### ЦИФРЛАНДЫРУ ЖЕМІСІ

Қалалық цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы басшысының орынбасары Берік Ахметовтің айтуынша, кейінгі кезде тек құқық қорғау саласы ғана емес, бас қаланың барлық аудандары мен тұрғын алаптарын да сапалы телефон байланысы және жедел интернет желісімен қамтамасыз ету нақты қолға алынған көрінеді.

Ал «интеллектуалды көлік жүйесі» жобасы бойынша қол жеткен жетістікті біз күнделікті өмірден айқын аңғарып отырмыз.

Елордадағы цифрландыру жүйесі жұмысының жемісі ретінде біз әр адамның қолындағы қалта телефоны арқылы өзіне керекті қоғамдық көліктің жүру бағдарын бақылай алатынын айтуға болады.

«Мұның өзі заманауи жетістік болды. Қазір қыс мезгілі. Бір жерге баратын болсақ, қоғамдық көліктерді аялдамаларда сарылып күтіп тұрмаймыз.

Телефонымыздағы қосымша арқылы жүріс бағдарын бақылап отырып, өзіміздің аялдамаға жақындағанда шыға қоямыз» дейді қала тұрғыны Илияс Жандар.

Сол сияқты қаланың қоғамдық көліктері түгелімен электронды төлем жүйесіне ауыстырылған. Әрі бұл көлеңкелі кәсіптің алдын алудың да бірден-бір жолы болып отыр.

Кейінгі кезде «Қауіпсіз автобус» жобасы шеңберінде Астана қаласындағы қоғамдық көліктердің 60-70 пайызында бейнебақылау камералары орнатылған. Яғни, қала ішінде қатынайтын қоғамдық көліктегі қауіпсіздік шаралары осы бейнекамералар арқылы бір орталықтан реттеліп отырады. Қалалық жедел басқару орталығында көшелердегі көлік қозғалысының ахуалы, қоғамдық көліктерді неғұрлым қауіпсіз аймақтарға бағыттау мәселелері шешім табатын болады.

Сонымен бірге, жүйелі цифрландыру жұмыстарының арқасында қалалық жедел басқару орталығына қалалық жылумен және сумен қамтамасыз ету қызметтерінің, электр тарату желілерінің жұмысы жөніндегі ақпараттар да тұрақты келіп тұрады. Орталық осы ақпараттарды сараптау арқылы қалалық коммуналдық жүйелердің жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыру мақсатында ұтымды шешімдер қабылдап, нақты

шараларды жүзеге асыратын болады. Қалалық жедел басқару орталығында отыратын кезекші барлық мәселелерді жедел шешу өкілеттігін алады. Ол қалалық көлік және коммуналдық қызмет түрлеріндегі орын алған кемшіліктердің алдын алып, апаттық жағдайлардың орын алуына дер кезінде тосқауыл қоюға әрекет жасалады. Қалалық жедел басқару орталығы қоғамдық тәртіп бұзылған жағдайда қажетті көмек көрсетудің барлық тетіктерін жүзеге асыра алады. Осы ретте орталық қаланың барлық басқармаларымен, оның ішінде жедел медициналық жәрдем көрсету орталықтарымен ұдайы тікелей байланыс желісі де іске қосылған.

### ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ШОҒЫРЫ

Елорда әкімдігінің қолдауымен қала тұрғындарының тұрмысы мен өмір сүру сапасын жақсартатын ең маңызды инновациялық жобалар да жүзеге асырылуда. Жоғарыда айтқанымыздай, тұрғындарға жайлы да ыңғайлы Smart Astana мобильді қосымшасы арқылы көрсетілетін қалалық қызметтер мен сервистердің қолжетімді түрлері бірыңғай интерфейске жинақталған. Осыған орай «Есірткіге жол жоқ», «Төтенше жағдай кезінде іс-әрекеттер алгоритімі», «Ұрланғылар құрылғылар базасында тексеру», «Велосипедті тіркеу», «Ойын-сауық орындары», тағы басқа да қосымшалар қосылды. Мәселен, «Есірткіге жол жоқ» қосымшасынан кез келген адам қосылып, осы қылмысқа қарсы күреске пәрменді түрде өз үлесін қоса алады. Ол үнемі

жергілікті полицияның назарында болады.

Астана қаласы әкімдігінің iКомек орталығында қаланы дамыту бағдарламасы аясында қатысушылардың өзара тиімді іс-әрекетін қамтамасыз ететін жобалық офис қызметі іске қосылды.

Сондай-ақ қалалықтар үшін iQala ребрендинг де тың жаңалық деп айтуға әбден болады. Енді пәтер немесе үй сатып алған адам «Астана-Теплотранзит», «Астана су арнасы», «Астана – РЭК», «Астанаэнергосбыт» коммуналдық кәсіпорындарына барып жүрмейді, барлық келісімшарттарды SMS арқылы «бір терезе» қағидасы бойынша рәсімдей алады.

Осындай жүзеге асырылған инновациялық жобалардың арқасында iQala орталығына күн сайын 7000-нан 29 мыңға дейін қоңырау шалынып, ақыл-кеңес сұраған өтініштер түседі екен. Аталған орталық жылына екі миллионға дейін сұранысты қанағаттандыруда.

Бұл интеллектуалды жобалар алдағы уақытта да өрісін кеңейте түспек. Өйткені «ақылды қала» арқылы халыққа қызмет көрсету мүмкіндіктері жеңілдеп, пайдалы ресурстардың жаңа көздері айқындалуда. Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда, цифрлық мегаполис IT-сектордың дамуына да оң ықпал ететіні дәлелдене түсті. Бұған қоса азаматтардың талап-тілектері орындалып, жайлы өмір, сапалы қызмет көрсету мүмкіндіктері артып отыр. Міне, соның нәтижесінде бас қаламыз дамыған өркениетті мегаполиске айналып, әлем қалалары қатарында мәртебесі өсе бермек.

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ  
АРҚАСЫНДА IQALA ОРТАЛЫҒЫНА  
КҮН САЙЫН 7000-НАН 29 МЫҢҒА  
ДЕЙІН ҚОҢЫРАУ ШАЛЫНЫП, АҚЫЛ-  
КЕҢЕС СҰРАҒАН ӨТІНІШТЕР ТҮСЕДІ  
ЕКЕН. АТАЛҒАН ОРТАЛЫҚ ЖЫЛЫНА  
ЕКІ МИЛЛИОНҒА ДЕЙІН СҰРАНЫСТЫ  
ҚАНАҒАТТАНДЫРУДА**



Райхан РАХМЕТОВА

**М**емлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында Үкіметке денсаулық сақтау мен жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру тәсілдерін қайта қарауды тапсырды. Медициналық инфрақұрылымды кешенді түрде жақсартуға баса назар аудару керектігін айтты. Биыл елімізде 11 айдың қорытындысы бойынша стационарларда 3 млн-ға жуық адам көмек алды, алғашқы медициналық-санитарлық көмек желісі 90 млн-нан астам адамды қабылдады, 360 мыңнан астам жаңа туған нәресте дүниеге келді, жедел медициналық жәрдем күштерімен 8 млн шақырту бойынша көмек көрсетілді.

Астанада 25 жыл ішінде жеткен жетістіктерді атап айтсақ, елорда тұрғындарының саны 25 жылда 4,5 есе өсті. Сондай-ақ туу кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы 11,7 жылға артты. Қазірдің өзінде республика бойынша ең жоғары көрсеткіш – Астана қаласының еншісінде. Елордада медициналық ұйымдардың саны ширек ғасыр ішінде 8,3 есе немесе 38-ден 314-ке дейін өсті. Туберкулезден болатын өлім-жітім 100 мың адамға шаққанда 13,1 есе, қатерлі ісіктен болатын өлім-жітім 3 есе азайды. Ал 1000 тұрғынға шаққандағы жалпы өлім-жітім 2,5 есе төмендеді. Бұл да аталған саладағы қызмет сапасының жоғарылағанын танытады. Жедел медициналық жәрдем қызметкерлері жүргізетін табысты реанимация көрсеткіші соңғы 2 жылда 55%-дан 75%-ға дейін көбейді.

2008 жылдың мамыр айында құрылған Ұлттық медициналық холдингті 6 инновациялық құрылымды біріктірді, атап айтқанда, олар – «Ана мен бала» ұлттық ғылыми орталығы, Республикалық балаларды оңалту орталығы, Республикалық диагностикалық орталық, Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы, Республикалық шұғыл медициналық көмек ғылыми орталығы, Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы.

#### ОНКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТРАНСПЛАНТОЛОГИЯ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Халықаралық стандарттарға сәйкес жоғары технологиялық әдістермен ем жүргізетін онкология орталығында ерте диагностикалау және жаңадан пайда болған қатерлі ісікті емдеу қолжетімділігін арттыру арқылы онкология ауруларынан болатын өлім санын төмендету басты міндет етіп қойылған. Қазақстанда жыл сайын 35000-нан астам адам қатерлі ісікке шалдығады, оның басым бөлігінің дерті кеш анықталады. Ғылыми, клиникалық және білім



**БЕС ЖЫЛ ІШІНДЕ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ 3 МЕМЛЕКЕТТІК ЕМХАНА САЛЫНАДЫ ЖӘНЕ 12 ЖЕКЕ ЕМХАНА АШЫЛАДЫ ДЕП ЖОСПАРЛАП ОТЫР**

## АСТАНА – МЕДИЦИНА КЛАСТЕРІ

Тәуелсіздік жылдарында елімізде медицина саласы қарыштап дамыды. Әсіресе, «100 мектеп, 100 аурухана» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүздеген емдеу мекемелері салынды. Ал елордада халықаралық стандарттарға сай келетін ірі медициналық мекемелер бүтін бір кластерді құрып, оған емханалар, қалалық көпбейінді ауруханалар, ірі республикалық стационарлар мен ғылыми ұлттық орталықтар кірді. Биыл да қаладағы медициналық мекемелердің бірқатары жөндеуден өткізіліп, соңғы үлгідегі жабдықтармен толықтырылды, жаңа бөлімшелер ашылды.



никалық базасы Орталық Азияда теңдесі жоқ және ең жоғарғы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді, бұл әрбір жағдайда дәл диагностика жасау мен емдеудің нақты әдісін қолдануға мүмкіндік береді. Орталықта 92 дәрігер және 185 мейіргер жұмыс істейді.

#### КАРДИОХИРУРГИЯ САПАСЫ САЙЛЫ

Қызмет көрсету және сервистің сапасы мен деңгейі бойынша әлемдік стандарттарға сәйкес келетін Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы 2011 жылы ашылды. Орталықта ауыр дәрежедегі жүрек-қан тамыр сырқаты бар науқастар хирургиялық ота жасау арқылы емделеді. Орталықтың негізгі клиникалық бағыты – туа біткен және жүре пайда болған жүрек қауы, жүректің ишемиялық ауруы, жүрек қызметінің созылмалы жетіспеушілігі, жүрек ырғағының бұзылуын емдеу. Мекеме медициналық ғылыми-білім беру қызметінде отандық және халықаралық мұрагерге не қуатты кадрлық әлеуетінің арқасында Орталық Азия өңіріндегі жетекші кардиохирургиялық орталыққа айналды. Биыл кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-да 76 жастағы пациентке алғаш рет Місга электродсыз кардиостимуляторы имплантталды. Бұл – жүректің ырғағы мен өткізгіштігінің бұзылуын емдеуде жаңа дәуірді білдіретін кардиостимуляция технологиясының дамуындағы маркер.

#### БАЛАЛАРДЫ ОҢАЛТУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ЖОЛДАРЫ

Балаларды оңалтудың ұлттық орталығы 2007 жылы ашылған, 2016 жылдан бастап республикалық деген мәртебесі алынып тасталды. Елімізде алғаш рет осы орталық базасында психоневрологиялық және нейроортопедиялық патологияға шалдыққан балаларды оңалту жүйесі құрылды. Қазақстанда бірінші рет динамикалық проприоцептивті коррекция, нейрогенді дисфагия коррекциясы әдісі және басқа жаңа тәсілдер осы орталықта енгізілді. Еңбек терапевтері, ойын терапевтері, музыка тера-

певтері, Монтессори-педагогтар деген мамандықтар тұңғыш рет осында ашылды. Орталықта жыл сайын 4200 бала оңалтудан өтеді. 15 жылдың ішінде мұнда 61647 бала денсаулығын нығайту бойынша ем алды.

#### БАС ҚАЛАНЫҢ МЕДИЦИНАСЫНДАҒЫ ОҢ ҚАДАМДАР

Елорданың денсаулық сақтау жүйесінің алдында тұрған сын-қатердің бірі – халықтың жыл сайынғы белсенді өсу факторы, орта есеппен қала халқы жылына 70 мың адамға көбейеді. Бұған қоса, елорданың жаппай дамуы да емханаларға түсетін жүктемені көбейтті. Бұрынғы теміржолшылар, қазіргі №3 қалалық аурухана апатты жағдайда. Биыл осы аурухананы қайта құру бойынша жобалау жұмысын жүргізу жоспарланды. Төсек-

мұнда кешенді диагностикадан өтіп, сүт безі ауруларынан емделе алады. Сонымен қатар емханада барлық қажетті құралдармен жабдықталған амбулаториялық хирургия орталығы ашылмақ.

Биыл Астанада №2 қалалық емхана базасында Сарыарқа және Байқоңыр аудандарының балаларына медициналық көмек көрсететін қосымша травматологиялық пункт ашылды. Оның ашылуы №2 балалар ауруханасына жүктелген салмақты түсіруге мүмкіндік береді және балаларға уақтылы және қолжетімді медициналық көмекті қамтамасыз етеді. Сондай-ақ биыл Астанада №10 қалалық емхананың базасында Республикалық МСАК орталығы ашылды. Республикалық орталық өңірлік медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарына одан әрі тарата отырып, Денсаулық сақтау министрлігі ұсынатын үздік практикаларды пилоттау және талдау үшін алаң болады. Осы жылы сондай-ақ Астана қаласының №3 көпбейінді қалалық ауруханасы диагностикалық зертханасы елордадағы зертханалық диагностиканы дамытуға қосқан үлесі және сапаға деген ұмтылысы үшін «Best Laboratory Awards» номинациясымен марапатталды.

Елордада №2 көпбейінді қалалық ауруханада жаңа госпитальдық фармация бөлімшесі өз жұмысын бастады. Бұл – Астанада алғаш рет жүзеге асырылған жоба. Мұндағы басты мақсат – препараттарды пациенттерге жеткізуді орталықтандырып, жүйені цифрландыру. Науқасқа берілетін дәрі-дәрмек мөлшері де автоматты түрде қадағаланып отырады. Бөлімнің бірегей тұсы да осы: дәрі-дәрмекті ысырап қылмай, артық шығынның алдын алу.

Астана қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемованың айтуынша, қазіргі уақытта елорданың сол жағалауында амбулаторлық көмек беру ісі кенжелеп қалған. Қосымша тағы 5 емхана ашу керек. Халық санының ұдайы өсіп келе жатқанын ескерсек, медициналық мекемелерге деген қажеттілік әлі де арта береді. Бұл мәселені шешуде мемлекеттік-жекешілік серіктестік белсенді қолданылады. Бес жыл ішінде Астана қаласының әкімдігі 3 мемлекеттік емхана салынады және 12 жеке емхана ашылады деп жоспарлап отыр.

Бүгінде қалада мемлекеттік денсаулық сақтау секторында 11 мыңнан астам медицина қыз-



меткері жұмыс істейді, оның ішінде дәрігерлер – 3,4 мыңнан астам, орта медицина қызметкерлері – 6 мыңнан астам және кіші медицина қызметкерлері – 2 мыңнан астам адам. Қазіргі таңда денсаулық сақтау мемлекеттік секторында медициналық кадрлардың тапшылығы 94,4 пайызға төмендеді. 2023-2026 жылдарға қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы жергілікті бюджеттен 176 грантқа өтінім берді. Медициналық білім және ғылым ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған жас мамандардың арасынан медициналық ұйымдардың көрсетіледі. Емхананың тағы бір ерекшелігі онда мамологиялық орталық ашылады. Науқастар

меткері жұмыс істейді, оның ішінде дәрігерлер – 3,4 мыңнан астам, орта медицина қызметкерлері – 6 мыңнан астам және кіші медицина қызметкерлері – 2 мыңнан астам адам. Қазіргі таңда денсаулық сақтау мемлекеттік секторында медициналық кадрлардың тапшылығы 94,4 пайызға төмендеді. 2023-2026 жылдарға қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы жергілікті бюджеттен 176 грантқа өтінім берді. Медициналық білім және ғылым ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған жас мамандардың арасынан медициналық ұйымдардың көрсетіледі. Емхананың тағы бір ерекшелігі онда мамологиялық орталық ашылады. Науқастар



Сұлтан СЕЙІТ



## ЕЛОРДА МЕКТЕПТЕРІНДЕ – ҰЛТТЫҚ ТАҒАМ

Ал бала жас кезінде жеткіліксіз тамақтанса, оның дене бітімі дамуын тежеп, ауруына, зат алмасу жүйесіне әсер етіп, ағзасы мен дене бітімінде өзгерістерге әкеліп соғуы ықтимал. Қазір отандық өнімдерді пайдалана отырып, мектептегі тамақтануға ұлттық тағамдарды енгізу – балалар денсаулығын сақтаудағы маңызды қадамның бірі. Осы мақсатта Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық салауатты тамақтану орталығымен бірлесіп, Астананың алты мектебінде «Ұлттық мектеп асханасы» қанатқақты жобасын жүзеге асырып келеді.

### 50 ҰЛТТЫҚ ТАҒАМ ЕНГІЗІЛЕДІ

– Әрбір білім ошағы «саламатты өмір салтын ұстанатын мектепке» айналуда тиіс. Мектептің кез келген қызметі сауықтыру-педагогикалық бағытта болады. «Ұлттық мектеп асханасы» жобасы ұлттық тағам мәдениетін қалыптастыруға және мектептің ас мәзіріне 50 ұлттық тағамды енгізуге мүмкіндік береді. Бұл – ертеден келе жатқан дәстүр бойынша жасалған мәзір, ежелден келе жатқан тәжірибенің нәтижесі, – деді Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Наталья Жұмаділдаева.

Биыл қыркүйек айынан бері 1,6 миллионнан астам бала тегін ыстық тамақпен қамтылған еді. Оның ішінде 1,4 миллион бала – 1-4-сынып оқушылары және 200 мыңнан астамы – әлеуметтік осал топ санатындағы 5-11-сынып оқушылары. Тағамның сапалы болуын қадағалаған министрлік білім беру ұйымдарындағы балалардың тамақтану нормаларын қайта қарады. Дәлірек айтсақ, ас мәзіріне өңірлерде өндірілген отандық өнімдерді енгізу нормасы қосылды. Бракеряды комиссиялардың және ведомстваралық сарапшылық топтардың мүшелеріне арналған мониторингтік топтар қызметінің тәртібі туралы заңнамалық нормалар бекітілді.

Тек тағамның сапасы емес, тамақтану мәдениетін қалыптастыруға да ерекше көңіл бөлініп отыр. Мысалы, санитарлық тазалық пен гигиенаны сақтау, дұрыс тамақтануды насихаттауға көңіл бөлініп жүр. Білім беру ұйымына жеткен барлық өнімнің санитарлық дәрігерлерден қорытындысы болуы шарт. Ал тамақты бракеряды комиссиялар бақылайды.

Мектепте тамақтануды жақсы ұйымдастыру – уақытының көбін мектепте өткізетін оқушы үшін денсаулығын жақсартудың кепілі. Толыққанды тамақтану көптеген аурулардың алдын алып, баланың оқуға үлгерімін, ынтасын дамытып, заманға сай өмірге бейімделуіне жақсы әсер етеді.

Олардың қатарында ата-аналар, қамқоршылық кеңес мүшелері, сонымен қатар мектеп әкімшілігі мен медицина қызметкерлері бар.

### МЕКТЕП АСХАНАСЫН ҚАЙТСЕК ЖАҚСАРТАМЫЗ?

Мектептерде ұлттық тағамның берілуі – жағымды жаңалық. Себебі мектептегі тағамның сапасына көп ата-ананың көңілі толмай жүргені рас. Әзірге мектептерде таңғы және түскі астың сапасын жақсарту үшін алгоритмдер әзірленбеген. Мектеп асханаларында жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер жүйелі жұмыс атқармауда. Астана қаласының мәслихат хатшысы елордалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында мектеп асханаларын тек тамақ пісіріп қана қоймай, қала тұрғындары арасында танымал азық-түлік желілерінің сенімгерлік басқаруына беру мәселесін пысықтауды тапсырғаны белгілі.

– Дәмді тағамдар дайындаумен қатар, инфрақұрылымды – жабдықтарды алып, асханаларға инвестициялауды, балаларымыздың тамақтануын ортақтандыру және жақсартуды тапсырдым. Бұл ретте нысаналы мақсатты өзгертпей, 5 жылдан аспайтын мерзімге беру керек деп есептеймін, – деді мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов. Әзірге бұл мәселе, өкінішке қарай, өзектілігін жоймай тұр.

– Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамту процесін ата-аналардың тікелей бақылау мүмкіндігі бар. Мектепте ыстық тамақ беру бала ағзасына және интеллектуалдық дамуына оң ықпал етеді. Осы орайда бұл мәселеге ерекше назар аударып отырмыз. Бұған дейін еліміздегі 9 өңірде ғана оқушылар тегін ыстық тамақпен қамтылған болса, биыл 1 қыркүйектен бастап барлық өңірдегі 1,4 млн бастауыш сынып оқушысы мен 5-11 сыныптар аралығындағы 200 мың әлеуметтік аз қамтылған отбасы балалары мектептерде тегін тамақтану

нып жатыр, – деді Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев жуырда Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында. Министрдің айтуынша, тамақтануды жүйесінң нормативтік-құқықтық базасы жетілдірілді. Мектепте тамақтануды айналысатын ұйымның алдын ала санитарлық-гигиеналық қызмет қорытындысы болуы керек. Мектептегі қамқоршылық кеңес, ата-аналар комитеті, мектеп әкімшілігі, медицина қызметкерінің өкілдерінен құралған комиссия қызметі күшейтілді. Қабылданған шаралар тамақтану сапасын жақсартуды ғана емес, тамақтану мәдениетін арттыруды да көздейді.

### БАЛА ТАМАҒЫ САПАЛЫ МА?

Астана қаласы Білім басқармасының көмекшісі толмағандардың құқықтарын қорғау бөлімінің басшысы Диана Амангелдіқызы «Мектеп асханасына тексеруді кімдер жүргізеді? Астананда биыл қанша мектеп асханасы тексерілді?» деген сұрақтарымызға былай жауап берді:

– Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасыз балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және білім алатын балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру және оны қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды

тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасыз балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында балаларға тамақтандыруды ұйымдастыруға байланысты тауарларды сатып алу Қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен айқындалған.

Тамақтандыру сапасын бақылауды күшейту үшін қаланың әрбір мектебінде сапаны бақылау жөніндегі бракерядық комиссия құрылған (оның құрамына қамқоршылық кеңес мүшелері, директор, медицина қызметкері, әлеуметтік педагог және ата-аналар кіреді (кеміңде 10 адам). Комиссияның міндеттеріне келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, ыдыс-аяқ дайындау технологиясына, тоназытқыш-технологиялық жабдықтың жарамдылығына, өнімдер мен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуына мониторингті жүзеге асыру кіреді.

Сондай-ақ ведомстваралық сараптама тобын құру туралы бекітілген бұйрық бар, оның құрамына Қоғамдық кеңестің, Қазақ тамақтану академиясының Тамақтану проблемалары институтының өкілдері, қалалық мәслихат депутаттары, «Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігі және ата-аналар қоғамы кіреді.

Сонымен қатар, тамақтану қағидаларына сәйкес қаланың тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомстваралық сараптамалық топтар әрбір білім беру ұйымында оқушылардың тамақтану сапасын мониторингтеу жөніндегі бракерядық комиссияның қызметіне жүйелі мониторинг жүргізеді.

Ағымдағы жылы елорданың барлық 95 мектебінің асханалары тексерілді.

Анықталған бұзушылықтар әкімшілік шаралар қабылданғаннан кейін жойылды.

Диана Амангелдіқызының айтуынша, қазіргі уақытта азық-түлік шығыстарының калькуляциясын есептеу негізінде бір балаға орташа күн 584 теңгені құрайды (2021 жылғы қарашаға дейін 376 теңгені құрады). 2021 жылғы 1 қарашадан бастап Астана қаласы мәслихатының шешімімен бір білім алушыға бір реттік тамақтану құны 402 теңгеге дейін өсті).

Бетті дайындаған Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

## ҰЗДІК ҮРДІС

### ОҚУШЫНЫҢ ДАМУЫНА ҚОЛАЙЛЫ ОРТА ЖАСАУ

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер еліміздегі білім беру жүйесін де бейжай қалдырмауда. Педагог білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға міндетті.

Ол үшін әлемдік білім беру жүйесіндегі жүргізіліп жатқан реформаларды талдап, солардың ішінен оң нәтиже берген, біздің халықтың менталитетіне жақын, ұлттық құндылықтарымызға қайшы келмейтін тәжірибені таңдауымыз керек. Мағжан Жұмабаев өз еңбегінде «Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбие қылу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек. Сол басқа адамдардың майданындағы тәжірибелерін көрсеткен жеке бір пәнмен, яғни тәрбие пәнімен танысу болу керек» деген болатын.

Үш жыл қатарынан мектебіміз LS бойынша нәтижелі жұмыс жасауда. Мектепте 15 жұмыс тобы құрылып, осы топтарға жетекшілік жасауға, жұмысты үйлестіруге деңгейлік курстардан өткен (ілгері және екінші деңгей) 15 супервайзер тағайындалды. Осылайша ұжымның 100 пайызы LS тобына тартылды. Ойластыра келе, айына бір рет сабақты зерттеу күні тағайындалды. Осы уақытта барлық мектепте жаппай бір мезгілде зерттеу сабақтары өтті. Келесі күні фасилитатордың (әр сабақта фасилитатор ауысып тұрады) жетекшілігімен сабақ талданып, сындарлы керібайланыс беріліп, алдағы сабақты жоспарлау жүзеге асты.


Жоспарланған 90 сабақ толық өтті. Нәтижесінде зерттеу сыныптарындағы білім сапасы 1,8-4% аралығында көтерілді. Ақпан айында супервайзерлер



мен 13 еріктілері аптасына 1 рет бас қосып, сыныптағы жалпы аухал мен байқаған өзгерістерді ортаға салып, келесі қадамды жоспарлап отырды. Бұл жұмыс әлі де жалғаспақ.

Кембридж университетімен бірлесе жүзеге асып жатқан SHARE жобасы әр педагогтың біліктілігін көтеріп қана қоймай, жұмысына деген көзқарасын өзгертті.

Сабақты зерттеуден іс-әрекетті зерттеуге өткеннен бері педагогтар қауымдастығы ашықтық принципіне жұмыс жасауға көшті. Идеялар базасы кеңеюде. Мұғалімдер бірін-біріне сындарлы керібайланыс беруге және оны дұрыс қабылдауға машықтанған. LS мен SHARE жобасындағы әр мұғалім өзгерісті өзінен бастап, сол энергетикасын жан-жағына шашуда. Соның арқасында білім алушыларда да көптеген өзгерістер байқалды. Пән мұғалімі мен оқушы



есебі тыңдалып, тәжірибе алмасу болды.

2019-2020 оқу жылында Астана қаласы бойынша SHARE жобасындағы қанатқақты мектептер қатарына бірнеше білім ордасы іріктелді. Оның арасында Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі де бар. Алты ай ішінде үш workshop өтті. Іс-әрекеттегі зерттеуді ұйымдастыру және оны жүзеге асыру, жүйеге айналдыру, бағамдап отыру үшін бірлесе жұмыс жасау, коллаборативтік орта құру маңызды. Ендігі мәселе LS-ді AR арқылы жүзеге асыру болды. Ол үшін LS сыныптарының ішінен 5а және 5с сыныптарын AR бойынша фокус топтары ретінде тандап алынды. Бұл екі сыныпқа сабақ беретін барлық пән мұғалімдері, SHARE жобасының 5 жетекшісі

арасында ынтымақтастық орта орнады, нәтижесінде сабаққа белсенділік артты, оқушылар тақырыпқа қатысты ойларын білдіріп, өз пікірлерін фактілер келтіре отыра дәлелдейтін деңгейге жетті. Ең кереметі, қазіргі таңда педагогикалық ұжымның басым көпшілігінде оқушы «үнін» естіп қана қоймай, зерттеп, сезіп, тыңдау дағдысы қалыптасқан. Оқушының дамуына қолайлы орта жасау бұл қазіргі таңдағы басты міндетіміз болып отыр

Шайзат ТАШЕНОВА,  
Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі директорының орынбасары, бастауыш оқыту мұғалімі

Қазақстан – шетелдегі қандастарын тарихи отанына шақырып, өз елінің халық санын көбейтуге, ұлттың ұлы гүлденуін жүзеге асыруға талпынып отырған санаулы мемлекеттің бірі. Қазіргі таңда бейресми дерек бойынша әлемнің 40-тан астам елінде 10 миллионға жуық қандасмыз тұрады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері 1,5 миллион қандасмыз тарихи отанына оралып, санымыздың өсуіне оң серпін берді. Соның арқасында бүгінгі таңда 20 миллионға жетіп, қазақ ұлтының үлесі 72 пайыздан асты. Шетелден келген қазақпен бірге ұмытылып бара жатқан көптеген салт-дәстүріміз де, ұлттық құндылығымыз да оралғанын былай қойғанда, олар бүгін еліміздің әр саласында жұмыс істеп, Қазақстанның саясат, экономика, ауыл шаруашылығы, білім беру, денсаулық сақтау, т. б. салаларында елеулі еңбек етуде. «Елге ел қосылса – құт» деген – осы.

#### Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

«Көп қорқытады, тең батырады», «Саннан сапа туады» дегендей, демография – еліміздің ең өзекті әрі қазақ ұлтының тағдыршешті мәселесі. Әлем бойынша жер көлемі жағынан 9-орында тұратын мынау байтақ даланы мемлекет құрушы тұлғалық ұлт – қазаққа толтырмай, қазіргі аумалы-төкпелі кезеңде еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тәуелсіздігін баянды ету қиын екені көпке түсінікті. Бұл мәселені Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» тақырыбындағы Жолдауында «Қуатты ұлттың дінгеі – халық» деп тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде шегелеп тұрып айтқан еді. Жер аумағымыз 4 Франция елі сыятындай кең болғанмен, көрші қырғыз елінің жалпы халық санынан артық қазақ әлі шетелде өмір сүріп жатыр. 30 жылдан астам уақытта оның небәрі 10 пайыздан астамы ғана тарихи отанына оралды. Олардың басым бөлігі байырғы ата-бабасының күл төгіп, ірге көмген күлтелі мекенінде отыр дегенмен, өмір сүріп жатқан елдеріндегі саяси, экономикалық жағдайға байланысты олардың ассимиляцияға ұшырап, тілден, дәстүрден күн санап алыстай бастағаны байқалады. Күнкөрісі төмен, діни араздық өршіген өңірлердегі қандастарымыздың жағдайы тіпті мүшкіл.

Елімізде билік алмасып, саяси салада үлкен өзгерістер туғанда, шетелдегі қандастар да, еліміздегі ұлтын, халқын сүйетін асыл ойлы азаматтар да «көш тоқтап қала ма?» деп алаңдағаны рас болатын. Алайда Президент аса үлкен көрегендік танытып, еліміз күрделі саяси кезеңдерден өтіп жатқанына қарамастан, «Шетелдегі қандастарымызды елге қайтару ісі

ешқашан назардан тыс қалған емес, қалмайды да. Дүние жүзіндегі қандастарымыздың басын туған жерде біріктіру – біздің қасиетті парызымыз» деп ашық айтып, «Үкімет көші-қон үдерісін басқару үшін пәрменді іс-шаралар қабылдауы тиіс» деп тапсырма беріп, ұлы көшке мүдделі ағайынды қатты қуантты. Сондай-ақ 2022 жылғы Жолдауында: «Қандастардың көшіп келуіне және ішкі миграцияға қатысты саясат түбегейлі өзгереді. Бұл орайда демографиялық және экономикалық үрдістерді ескеру керек. Сондай-ақ жалпұлттық мүддені басшылыққа алу өте маңызды» деп қайталай дәріптеді.

Бірақ соңғы кездері шетелден келген ағайындар қандас мәртебесін уақытында ала алмай, табанынан тозып жүр. Оған бұрын 5 жұмыс күнінде берілетін қандас куәлігінің қазір 35 жұмыс күнінде берілуі басты себеп болып отыр. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қандас куәлігін беру мерзімі «35 жұмыс күні» деп көрсеткенмен, сенбі, жексенбіні қоса есептесек, қандас мәртебесін алу уақыты 2 айға дейін созылып кетіп жатқан жағдайға куә болып отырмыз. 40-50 күннен кейін куәлікті беруден бас тартқаны жайлы хабарламаны алып жатқандар да бар. Ал ол куәлік болмаса, қандастар азаматтыққа тапсыра алмайды.

Қандас мәртебесі бұрын Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы берілетін. Ал қазір қандас куәлігін алудың бұл жолы аталған куәлікке тек «Құтты мекен» қосымшасы арқылы онлайн өтініш беруге өзгерді. Бірақ осы қосымшаның өзі кемелсіз болып шықты. Біріншіден, нұсқаулығы орысша, бұл орысша түгіл, кириллицаның өзін әрең жазатын қандастарымызға үлкен қолайсыздық тудырып отыр. Екіншіден, қосымшада «келу мақсатына»: «Отбасымен бірігу үшін», «Жұмыс

## ҚАНДАСТАР МӘРТЕБЕСІЗ ҚАЛМАСЫН



берушілердің шақыруы бойынша», «ҚР Үкіметі айқындаған қандастардың қоныс аударуы үшін», «Бейімделу бағдарламаларының шарттарына келісім бойынша» деген 4 талап қана жазылып, атажұртқа өз еркімен, өз бетімен көшіп келушілер назардан мүлде қағыс қалған. Деректерге қарағанда, өз еркімен көшіп келіп, Қазақстан азаматтығын алып жатқандардың саны жоғарыдағы

4 талап бойынша көшіп келген ағайындардан бірнеше есе көп екен. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері тарихи отанына оралған ағайындардың да басым бөлігі – өз еркімен көшіп келгендер. Ендеше өз еркімен көшіп келушілер не үшін «Құтты мекен» қосымшасына енбей қалды?! Қазақстанда бірде-бір туысы жоқ қандастарымыз қалай қандас мәртебесін алады?! Осы жағдайға байланысты қандастар

арасында үлкен түсінбеушілік орын алуда. Кейбір қандастарымыз өз бетімен туысшылау визасымен келіп, қандас куәлігі уақытылы берілгендіктен азаматтық ала алмай, кері көшіп кеткен (бейресми дерекке қарағанда, Қытай, Моңғолия елінен келген 100 шақты түгін кері көшіп кеткен). Ал неше мың қандасмыз қандас куәлігін ала алмай, «мәртебесіз» қандас болып сарсаңға түсуде...

Соңғы кездері көшіп келген қандастарды Астана, Алматы қалаларына қабылдамай, солтүстіктегі белгіленген орындарға баруға итермелеп жатқанымыз жасырын емес. Ішкі және шетелден келетін көшті жеті облысқа қарай бұру – мемлекет саясаты. Бірақ белгіленген Павлодар облысына барған қандастарымыз да қандас мәртебесін ала алмай, визасының уақыты толып кеткен 13 отбасы Қытайға қайта көшіп кеткені жайлы ақпаратты да естіп-біліп отырмыз. Бұл арада «Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тұратын этникалық қазақтар басқа мемлекеттің азаматы болғандығына қарамастан жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға құқықты» деген заңды жазып қойып, олар елге оралмай жатып, тосқауыл болатын шарттарды көбейту шетелден келетін көшке кері әсер ететінін ескерген жөн.

Көшіп келген мың көштің қуанышынан кері көшіп кеткен бір көштің кесірі көп. Өйткені атажұртқа деген алып-ұшқан сезіммен келген ағайын Қазақстанның қамқорлығын емес, жемқорлығын көріп кері қайтса, ол көшем деп отырған, көшсек пе деп

ойланып жүрген мың түтіннің көшіне тоқтау болатыны анық. Сондықтан бұл мәселеге ұлттық мүдде тұрғысынан қарау керек. Ол үшін қолданыстағы «Халықтың көші-қоны туралы заңының» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі №477-IV заңы) бірнеше тармағын өзгерту керек. Атап айтқанда, «Халықтың көші-қоны туралы заңының» 20-бап, 5-тармағын аталған заңнан түгелдей алып тастап, қандас мәртебесін бұрынғыдай Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы 5 жұмыс күні ішінде беріп, оқшылығы көп «Құтты мекен» қосымшасы арқылы қандас куәлігін 35 жұмыс күні ішінде беруді тоқтату керек. Өйткені «Құтты мекен» қосымшасының қажеті жоғын, ХҚКО арқылы беруден тиімді емес екені жазып қойып, олар елге оралмай жатып, тосқауыл болатын шарттарды көбейту шетелден келетін көшке кері әсер ететінін ескерген жөн.



Президент аса үлкен көрегендік танытып, еліміз күрделі саяси кезеңдерден өтіп жатқанына қарамастан, «Шетелдегі қандастарымызды елге қайтару ісі ешқашан назардан тыс қалған емес, қалмайды да. Дүние жүзіндегі қандастарымыздың басын туған жерде біріктіру – біздің қасиетті парызымыз» деп ашық айтып, «Үкімет көші-қон үдерісін басқару үшін пәрменді іс-шаралар қабылдауы тиіс» деп тапсырма беріп, ұлы көшке мүдделі ағайынды қатты қуантты

Шетелден келген қандастар тек қана алам, бізге бер деп келмейді. Елге үлесімзді қоссақ, ұлт болып ұйысып Қазақстанымызды дамытсақ деп келеді. Осы орайда біз оларға Отанның ыстық мейірін сезіндіріп, қазақ болғанына мақтанатын сезімін одан әрі асқақтатуға дем берсек те жеткілікті. Өйткені қандас куәлігін ала алмай қиналған қандастар «біз сіздерден көмек сұрап, алақан жайып келгеніміз жоқ қой, азаматтықты жеңіл тәртіппен, тез берсеңіздер, ол да бізге жасалған үлкен қамқорлық» деп жиі айтады.

Біз шетелден қандастарын шақырған санаулы елдің біріміз деп мақтанғанымызбен, 30 жыл бойы кемелді көші-қон саясатын жасай алмай, заңнаманы қырық құбытып жүргеніміз елдігімізге сын. Сондықтан жоғарыдағы мәселелерге байланысты «Халықтың көші-қоны туралы» заңын қайта қарап, көшке, қандастарға қолайсыздық тудырып отырған баптарды, тармақтарды тез арада түзету айрықша маңызды.

## «ЛИБЕРИЯ СИНДРОМЫНАН» САҚТАНАЙЫҚ!

Тәуелсіздіктің қадірін білмеу, ана тілінен бас тартып, отарлаушының тілін таңдау, табиғи байлығының қызығын өзі көре алмау, трайбалистік тартыстың кесірінен тоз-тоз болу – қара құрлықтағы Либерия елінің тарихынан алатын сабақ осындай.

«Бостандық жері», «африкалық Израиль» – жергілікті негроидтік тайпалар мекендеген бұл жерге 1820 жылдары Солтүстік Америкадан құлдықтан мыңдаған репатрианттар оралды (аболиционистер қозғалысын тарихтан білеміз). Америкалықтар құрған жеке колония ресми түрде Либерия (ағыл-

шынша liberty – бостандық) деп аталып, өзінің конституциясын қабылдайды. 1847 жылы 26 маусымда қоныстанушылар Либерия Республикасының тәуелсіздігін жариялайды. Бірақ репатрианттар өз қандастары – жергілікті қара нәсілділерге шекесінен қарайды, оларды жабайы санап, өздеріне құл етеді. Америкадан

оралғандарын мақтаныш көрген кешегі құлдар ағылшынша сөйлеп, жергілікті тілден бас тарттады. Мемлекеттік тіл ретінде ағылшын тілін таңдайды. Америкалық-либериялықтардың діні, салт-дәстүрі, мәдениеті, тұрмысы – бәрі америкалықтардың көшірмесі болады, тіпті туы да АҚШ туына ұқсас.

Либерия – президенттік республика, америкалық үлгідегі саяси жүйесі, саяси партиялары бар. Бірақ демократияны қаншама көшірсе де, бұл ел азаматтық соғыстан көз ашпай келеді. 1980 жылдары басталып, 2005 жылға дейін созылған азаматтық соғыс 250 мыңнан астам адамның өмірін қиды, мыңдаған адам елден кеткен, таусылмайтын жанжалдан елдің экономикасы күйреген. Мемлекеттік мекемелері жемқорлыққа белшесінен батқан, жаппай жұмыссыздық, сауатсыздық жайлаған, ел заңсыз қару-

жарақ қоймасына айналған. Адам саудасы әлі бар, «трушобтарда» тұратын жергілікті тайпалар осы күнге дейін ескі әдет-ғұрыппен өмір сүреді, оның ішінде адамды құрбандыққа шалу да бар.

Либерияның осындай артта қалған, жік-жікке бөлінген, «үшінші әлем» елі болып қала беруге кешегі отарлаушылар да, елдегі саяси күштер де мүдделі. Өйткені бұл жер табиғи қазбаларға бай, таулы өлкесінде алмаз өндіріледі. Африка құрлығындағы тұрақсыз елдердің бірі болып отырған Либерия

тұрғындары қазір, негізінен, гуманитарлық көмекпен өмір сүреді. Өзі төрт-ақ миллион халықтың 80 пайызы кедей. Бала өлімі өте жоғары деңгейде. Мемлекеттік тіл – ағылшын тілін либериялықтардың үштен бірі білмейді, себебі сауатсыз. Міне, осылай этникалық себеппен қырық жікке бөлінген, ана тілінен бас тартқан, табиғат байлығы өзіне сор болған Либерия қазір БҰҰ-ның ерекше бақылауында өмір сүріп жатыр.

Амантай ТОЙШЫБАЙҰЛЫ

Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕҚЫСЫ-ЖАЗЫ  
ҚЫЗМЕТТЕ

– Арқаның ен даласында орман өспейді деген пікір айтылған-ды. Жоқ, ғалымдармен бірлесіп жұмыс істеп, елорданы 88 шақырым қоршап жатқан жасанды орман пайда болды. Қысы-жазы 24 сағаттан 45 орманшы жасыл белдеуді күзетеді. Олар 6 постан кезек-кезек шығып, дала өртінен сақтауды, жеміс терушілер қоқыс тастап кетпеуді, мал кіріп кетпеуді қадағалайды. Дәл қазір жасыл белдеудегі қарағайды қорып, қорғап жүр. Біздің орманшылар Табиғатты қорғау полициясымен тығыз жұмыс істейді.

21 желтоқсанда түнгі кезекшілікте жүрген орманшылар заңсыз қоян атуға мылтықпен кірген 1989 жылы туған Т.А есімді азаматты тоқтатып, полицияға тапсырды. Жаңа жылдың нышаны – шырша. Нарықта шырша саудасы қызып тұр. Кейде кездері ормандағы қарағайды кесіп, сататындар бар. Қарағай ағашын кесіп жатқан жерінен ұсталған адамдар да болды. Өз басым жақындарым мен достарыма жаңа жылдық кеште жасанды шыршаны безендіруді ұсынамын, – деп сөзін бастады бас агроном Ардақ Хасенов.

Астана орманы қалай, қашан, қайтіп құрылды? Бұл сұраққа жауапты «Астана орманы» ЖШС директоры Мәулен Самәмбетовтен сұрадық.

– Астананың жасыл белдеуі екі кезең бойынша құрылды. Бірінші кезең 1998-2004 жылды қамтиды. Бұл уақытта жасыл белдеу аумағында (жалпы аумағы – 14,9 гектар, оның 11,5 гектары ағаш пен бұтаның 34 түрінен 9,6 миллион дарақ көктеді) көшеттерді ықтырмалық кеңістікті сақтай отырып отырғыздық. Бұл кезеңде бой көтерген ағаштардың биіктігі 15-17 метрге жетті. Екінші кезең 2012-2023 жылы 4 мың гектар жерге 4,7 миллион көшет орналастырдық. Оның ішінде 28,6 шырша, қарағай, самырсын болса, 71,4 пайызы емен, қайың, шегірішін, жиде, қарақатты құрайды, – деді директор.

ОРМАН – ХАЛЫҚ  
БАЙЛЫҒЫ

Мұны финдердің тәжірибесінен көруге әбден болады. Финляндия экономикасының негізгі табыс көзі – орман. XX ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап ағаш өңдеу мен қағаз өнеркәсібі жолға қойылды. Бүгінде аталған салада әлем бойынша алдыңғы қатарда. Мәселен, целлюлоза мен тілінген тақтай, қағаз бен қатты қағаз экспортынан көшбасшы ел саналады. Мысалды ұзақтан іздемей-ақ, солтүстіктегі көршіні алайық. Ресей территориясында тундра-орманы 15 пайызын қамтиды десек, Сібірдегі орман қорын елестетуге болады. Қазір осы орманды алқаптар қаржының көзіне айналды. Біздің елде орманды дала 4,2 пайыз ғана. Оңтүстік өңірлерде сексеуілді



# ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК – ЕЛГЕ ҚАЛҚАН, ҰРТҚА ПАНА

Жексенбі күні жоспарлы жұмыстармен Астананың сырт аймағына барғанбыз. Өңменнен өтер ызғарлы жел. Жоқ, жерге түскен қарды суырып соғар бұрқақ жел дерсіз. Желдің қай түрі болсын, әйтеуір Арқаның желі даланың суығын бірден сездірді. Осындайда елорданы қоршалай бой түзген орманды алқаптың пайдасын сезіндік. Иә, орман экожүйені реттеумен қатар, қаланың ауасын тазартып, желін азайтып тұр. Біз «Астана орманы» ЖШС-іне арнайы барып, басшыларынан қысқы маусымдағы жұмыс жайын да білдік.



тоғайлар басым. Шығыс және оңтүстік-шығыста таулы орманға жатады. Солтүстік өңірлерде шоқ-шоқ ормандар кездеседі. Астанадағыдай жасанды орман сирек. Тарихқа зер салсақ, 1841 жылы Жәңгір хан училище ашып, орман шаруашылығы бойынша білім беруге жол ашып, батыс өңірде көшет отырғызып, жасанды орман алқабын құрды. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» демей ме, батыстағы «Жәңгір ханның орманы» көпке сая болып әлі өсіп тұр. Одан кейінгі жасанды орман, осы – Астана орманы.

Жасыл белдеу халық санына сай келуі керек. Мұның ғылыми негізі, мемлекеттік стандарты бар. – Астана қаласының халқы жыл сайын көбейіп келеді. Мәселен, 2013 жылы елорданың 797 мың тұрғыны болса, 2023 жылы 1 миллион 354 мыңға жетті. Мемлекеттік стандартқа сай 500 мыңнан 1 миллион аралығында адам тұратын қаланың әрбір 1 мың адамына 25 гектар жасыл желек келуі керек. Осы көрсеткішке сәйкестендіру үшін Астана қаласының жасыл белдеуінің ауданы 25 000 гектар болу ке-



рек. Бұған жету қосымша 15,2 мың гектар жер қаралып, көшет отырғызып, оны күтіп-баптау жұмысы жүргізілуі керек. Біз өзіміздің жоспарлы жұмысымызды жалғастырып, 2024 жылы көшет отырғызу жобасын әзірлейміз. Содан кейін ол жерлерге жас көшет отырғызамыз, – деді Ардақ Хасенов.

Астана қаласының халқы жыл сайын көбейіп келеді. Мәселен, 2013 жылы елорданың 797 мың тұрғыны болса, 2023 жылы 1 миллион 354 мыңға жетті. Мемлекеттік стандартқа сай 500 мыңнан 1 миллион аралығында адам тұратын қаланың әрбір 1 мың адамына 25 гектар жасыл желек келуі керек. Осы көрсеткішке сәйкестендіру үшін Астана қаласының жасыл белдеуінің ауданы 25 000 гектар болу керек. Бұған жету қосымша 15,2 мың гектар жер қаралып, көшет отырғызып, оны күтіп-баптау жұмысы жүргізілуі керек

рек. Бұған жету қосымша 15,2 мың гектар жер қаралып, көшет отырғызып, оны күтіп-баптау жұмысы жүргізілуі керек. Біз өзіміздің жоспарлы жұмысымызды жалғастырып, 2024 жылы көшет отырғызу жобасын әзірлейміз. Содан кейін ол жерлерге жас көшет отырғызамыз, – деді Ардақ Хасенов.

ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ  
СЕРУЕНДЕУ АЛАҢЫ

Орманды алқапқа елордалықтар мен қала қонақтары екі жағдайда келеді. Біріншісі, жазда велосипед теуіп, қыста шаңғымен сырғанап, рухани демалу үшін. Екіншісі, жеміс теріп, қысқа керекті азық-түлігін жинайды. Орман алқабында велосипед теуіп, шаңғымен сырғанайтын арнайы жолдың ұзындығы – 25,6 шақырым. Қысы-жазы сенбі, жексенбі күндері салауатты өмір

салтын ұстанатын адамның қарасы көбейеді екен. Жазда түрлі ағаштың жұпар иісі, қыста қарлы даланың таза ауасында еңбек белсенділігін арттырғанға не жетеді?! Орманшылар ұсынған деректерге қарағанда, Үркер ауылының жанында орналасқан орман кварталына (ауданы – 40 гектар) орташа есеппен бір күнде 52 адам келіпті. Олардың 2-еуі саңырауқұлақ теруге, 29-ы демалуға, 21-і велосипед теуіп, серуендепті.

Ал атқа мінуге арналған 13,2 шақырымдық жолдың екі жақтауы ағашпен оқшаулаған, атқа мінуге қауіпсіз. Биіктігі 18 метр болатын мұнараға шыққанда, қайың мен емен ағаштары биіктей түскенін көрдік. Кейбірі мұнарамен бойлас болса, кейбірі одан да биіктей түсіпті. Мұндай мұнара орманды алқаптың 10 жерінен табуға болады (6-уы – 18 метрлі, 4-і – 12 метрлі). Орманшы-күзетшілер күніне бірнеше рет шығып, алқапты бақылауды әдетке айналдырыпты.

Бас агроном емен ағашын Арқаның табиғатына жерсіндіргенін мақтана айтты.

– Біздің орманда жарық сүйгіш, көп жағдайда жылы аймақта болатын емен ағашы өседі. Биіктігі 40 метрге дейін, діңінің жуандығы 2 метрге дейін жетеді. Өмір сүру ұзақтығы – 800-1000 жыл. Он бес жылдан кейін жеміс бере бастайды. Міне, осындай алып ағаш біздің орманға бейімделіп, биіктігі 8-9 метрдей болды. Жасанды орманның 30 пайызын қылқанжапырақты тұқымдастар – шырша, қарағай, самырсын құраса, 70 пайызы жапырақты тұқымдастар – емен, қайың, шегірішін, жиде, – деді А.Хасенов.

Жасанды ормандағы әрбір жұмыс тек ғалымдардың сүйемелдеуімен жүзеге асады. Қазақ орман шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының мамандары жасыл белдеудегі сынақ алаңдарында зерттеу жұмысын жүргізіп, ғылыми қорытынды береді. Содан кейін ғана орманшылар нұсқама бойынша жұмыс істейді.

– Көшетті отырғызу, есепке алу, орман зиянкестері мен түрлі аурудан қорғау және тағы басқа жұмыстарды ғалымдардың бағыт-бағдары бойынша істейміз. Мәселен, ағаштардың арасындағы бос кеңістікке көп жылдық шөптің бірнеше түрін өсірдік. Бұл ортаға көбелек, ара, инелік, өрмекші, құмырсқа, қоңыз тағы басқа көзге көрінетін және көрінбейтін жәндік түрлері келіп, өз экожүйесін құрды. Жәндіктер ормандағы түрлі зиянкестермен қоректеніп, ағаштың ауырмауына жағдай жасайды. Жәндіктер тым көбейіп кетпеуі үшін Жетісудың қырғайлыдары жерсіндірілді. Қояндар орманның негізгі тіршілік иесіне айналды. Қоян популяциясы көбейіп кетпеуі үшін түлкі мен қарсақтар жіберілді.

Бүгінде институт ғалымдары 5 тақырып бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуде. Соның бірі – ағашты санитарлық бұта-лау және жиілігін реттеу, – деді директор Мәулен Самәмбетов.

Орманды күтіп-баптау бір күндік іс емес, жалықпай, шаршамай, үнемі ізденіп, еңбек етуді талап етеді. 2023 жылы орманшылар 452,84 га аумақта 457 мың гектар көшет көлемінде жаңа орман екпесін құрды. Оның ішінде көктемде 203,94 гектар жерге 249,1 мың, күзде 248,9 га жерде 207,4 дана көшет отырғызды. 2024 жылдың көктемінде 200,2 мың көшет отырғызуды жоспарлап отыр екен.

**P.S:** Жап-жасыл ағаштарды жердің жүрегіне балайтын орманшылардың өмір жолы қарапайым, бірақ өте маңызды құндылықты жүзеге асырудың мысалы болады. Орман – бүгінгі ғана емес, келешектің ісі. Өйткені келешек ұрпақтың бақ-берекеті болуы бізден қалған байлыққа тікелей байланысты, оның ішінде орман қорына да тәуелді болады. Біз орманды алқапты барып санаға осындай ой түйіп қайттық.



Сұлтан СЕЙІТ

## МҮМКІНДІГІН ШЕКТЕМЕГЕН ДӘРІГЕР

Тағдырдың қатал сынағына мойымай, өмірдің қиындықтарына қайсарлықпен төтеп беру көп адамның қолынан келе бермейді. Маңдайға салғанға тәзіп, өзі басынан ауыр жағдайды өткерсе де, өзгенің жаны мен тәнінің жарасын емдейтін жандар сирек те болса бар. Солардың бірі – №9 қалалық емхананың балалар хирургі, травматолог, ортопед, 32 жылдық тәжірибесі бар жоғары дәрежелі дәрігер Талғат Жұртұбаев.



Әскери борышын өтеген жылы ауыр жарақаттан кейін мүгедек болып қалған кейіпкерімізге дәрігерлер «Отырып істейтін жұмыс табу керек» дейді. Алайда ол өз арманынан бас тартпауға бекініп, жақсылап дайындалып, 1986 жылы Семей мемлекеттік медициналық институтына оқуға түсіп, хирург, травматолог мамандығын алып шығады. 1992 жылы Арқалыққа жолдамамен жіберілген жас

маман 7 жылдай сол жақта хирург болып еңбек етеді. Торғай облысы жабылғаннан кейін 1999 жылы Астанаға келіп, №1 қалалық балалар ауруханасында, Республикалық «Жас ұлан» мектебінде жұмыс істейді. 2000 жылы белгілі травматолог Нұрлан Батпенев оны медициналық академияға шақырып, сонда әскери кафедрада алдымен аға оқытушы, кейін декан-

ның орынбасары қызметтерін атқарады. Ғылыми еңбекпен де айналысып, кандидаттық еңбегін қорғаймын деп жүргенде жұбайы қайтыс болады. Сөйтіп, бәрін қойып, екі ұлын жетілдірем деп жұмысқа дендеп кіріседі. Өзіне ерекше күтім керек болса да амалсыз балаларын аяқтан тұрғызғанша тыным таппайды. Күні-түні жұмыс істеп, ел саулығы жолында табанды еңбек етеді. Қазіргі жұбайымен бірге ұлдарын өсіріп, үйлендіріп, немерелер сүйіп отыр. 2017 жылдан бері №9 емханада қызметін жалғастырып келеді. Бүгінде елімізде мүмкіндігі шектеулі болса да жұмыс істеп жатқан жалғыз балалар хирургі, травматологы тек өзі ғана.

– Әрине, адам мұндай жолды өзі таңдамайды, оны мақтаныш көрмеймін, тек тағдыр салды, мен көндім. Күніне әр қабылдауда 20-40 адамға дейін қабылдап, аяқ-қолы, иығы, тобығы шыққан, сынған, сіңірі созылған, күйіп қалған 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді емдеймін. Қазір елорда қысы қаһарына мініп, аяз бен мұзтайғақтан құлаған, бір жерге соғылған немесе спорттық жарыстарда жарақат алған жастар көп келіп

жатыр. Хирург, травматолог, ортопед және комбустиолог салалары бойынша жинаған сан жылдық зор тәжірибемнің арқасында өз жұмысымды күнде таңертеңгі сағат 8.00-ден түскі 14.00-ге дейін қиындықсыз атқарамын, – дейді кейіпкеріміз.

Еңбек жолында сан түрлі жарақатпен келген үлкеннің де, кішінің де жанына дауа болып, кәсіби сауатты маман ретінде дұрыс ем-домын жасады. Соның арқасында көптеген науқастар қолы-аяғы сау адам қатарына қайта қосылып, дәрігердің шарапатына бөленді. Талай шәкірттер тәрбиелеп, өзі меңгерген саланы кейінгі жастардың толық игеруіне, сапалы маман болуына ықпал етті. Еліміз бен елорданың денсаулық саласын дамытуға қосқан ұшан-теңіз еңбегі үшін Талғат Жұртұбаев мемлекет тарапынан көптеген марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, ол «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», «Алтын дәрігер», «Астанаға 10 жыл» төсбелгілерімен марапатталған. Жағдайына байланысты елордадан үш бөлмелі үй де берілген. Жан-жақты белсенді жан жұмыстан бос уақытта волейболдан паралимпиялық ойындарға қатысып, ардагерлер арасында спорт шебері атанған. Өз жұмысын жетік білетін маман ең бастысы, халықтың ақ батасын алып, емдеп жазған пациенттерінің алғысына кенелген сәтін ең бақытты кездерім деп санайды.

## ҰБТ ЖҮЙЕСІНЕ ТАҒЫ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛЕДІ

Мемлекеттік білім грантын ұтып алуға ниеттенген үміткерлерге екі рет мүмкіндік берілетіні белгілі. Оқуға талаптанған білімді жасқа қазір мүмкіндік мол. Алайда Ұлттық Бірыңғай Тестілеу жүйесі жылдан жылға жетілдіріліп, түрлі өзгерістер мен түзетулер енгізілуде.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыру туралы сертификат беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар дайындады. Онда тестілеу тапсырмалары мен бағалау бойынша балдар санын өзгерту бөлігінде ұлттық бірыңғай тестілеу форматын жетілдіру көзделген.

Мәселен, қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта және техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері үшін ҰБТ тест тапсырмаларының саны:

Қазақстан тарихы бойынша – 20;  
математикалық сауаттылық



бойынша – 10 (қазір 15);  
оқу сауаттылығы бойынша (оқыту тілі) – 10 (қазір 15);  
бірінші бейіндік пән бойынша – 40 (қазір 35);  
екінші бейіндік пән бойынша – 40 (қазір 35).

Бұл ретте мүгедектігі бар балалар мен көру қабілеті бұзылған мүгедектер ҰБТ пәндері бойынша тест тапсырмаларының нұсқаларын орындау барысында схемаларды, кестелерді, карталар мен графиктерді суреттерін пайдаланбай тапсыруына болады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін және ақылы негізде білім беру бағдарламаларының басқа топтарына ауысқысы келетін жоғары оқу орындарының білім алушылары үшін ҰБТ тест тапсырмаларының саны:

бірінші бейіндік пән бойынша – 40 (қазір 35);  
екінші бейіндік пән бойынша – 40 (қазір 35).

Бұдан басқа, Бейіндік пән ретінде қазақ тілін таңдаған оқуға түсетін жастардың қалауы да жаңа өзгертулерде ескерілген. Сондай-ақ шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына түсетін тұлғалар үшін ең жоғары балл саны ұлғайтылды. Ол 125 орнына графиктерді суреттерін пайдаланбай тапсыруына болады. Сонымен қатар, өзгерістер ҰБТ нәтижелері бойынша апелляцияны қарауға да әсер етті.

Мәселен, апелляцияға келіп түскен өтініштерді Республикалық апелляциялық комиссия 30 жұмыс күні ішінде қарайды. Бұл ретте

Республикалық апелляциялық комиссия өтініштерді қарауды күнтізбелік жылдың 13 шілдесіне дейін аяқтайды. Түсушінің жеке кабинетінде Республикалық апелляциялық комиссияның отырысын өткізу мерзімдері туралы ақпарат көрсетіледі. Түсушінің қалауы бойынша Республикалық апелляциялық комиссияның отырысы басталғанға дейін жеке кабинеті арқылы апелляцияға өтінішті кері қайтарып алу жүзеге асырылады.

Апелляцияға өтінішті қайтарып алу кезінде бір жұмыс күні ішінде түсушінің жеке кабинетінде ҰБТ сертификаты көрсетіледі. Құжат 26 желтоқсанға дейін ашық талқылау үшін Ашық НҚА сайтында орналастырылған.

Консультация-диагностика қызметі бойынша клиниканы қалай таңдауға болады? Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Астана қаласы бойынша филиалының сарапшылары тұрғындар тарапынан жиі қойылатын сұрақтарға жауап берді.

## ЕМХАНАНЫ ЕРКІН ТАҢДАЙ АЛАМЫЗ БА?

– **Диагностика қызметін немесе сала мамандарының кеңесін өз емханаңыздан басқа жерде алуға бола ма?**

– Емхананы еркін таңдау құқығын бірнеше жағдайда ғана пайдалануға болады. Егер бекітілген жері бойынша емханада қажетті маман болмаса немесе оған жазылу мүмкін болмаса, ал кезекті күту ұзақ, яғни 10 күннен көп уақытқа созылатын жағдайда, егер пациент өзінің сырқаты туралы белгілі бір дәрігерге қаралуға дағдыланған болса немесе жақын адамдары ұсынған клиникаға жолдама беруді талап етсе, пайдалана алады. Тек алдымен ол клиника Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры аясында қызмет көрсете ме, соны тізімнен анықтап алған жөн. Олардың тізімін fms.kz ресми сайтынан <https://fms.kz/kz/zakupki/postavshchiki-kdu-uslug> сілтемесі арқылы қарап алуға болады немесе клиниканың өзінен сұрау керек.

– **Еркін таңдау бойынша диагностика қызметін немесе салалық маманның кеңесін қалай алуға болады?**

– Біріншіден, науқас өзінің учаскелік дәрігеріне жүгінеді. Сосын басқа емханаға жолдама алады. Сол жерге дәрігердің қабылдауына жазылады. Дәрігер қабылдауында болады немесе тексеруден өтеді.

– **Учаскелік дәрігердің жолдамасынсыз қандай медициналық қызметтерге жүгінуге болады?**

– Егер пациент шұғыл жағдайға байланысты күте алмайтын болса немесе жарақат болса, егер ол стоматологиялық көмекке, тері-венерология маманына жүгінсе, онкология немесе гематология ауруына күдік туындаған жағдайда тар бейінді маманға келсе, тіркелген жері бойынша гинекологқа немесе психологқа барса, жастар денсаулығы орталығына жүгінсе, дәрігерге қайта келген кезде немесе қатерлі ісік барына күдіктенсе, өз сырқатын динамикалық бақылау үшін салалық медицина орталығына келген жағдайда, медициналық пойыздарда немесе жылжымалы медициналық кешендерде медицина қызметін алуға барғанда жолдама керек емес.

– **Қандай жағдайда пациенттерге басқа емханаларға жолдама берілмейді?**

– Егер пациентке қажетті қызметтерді өз учаскесінің көрсету мүмкіндігі болса. Мысалы, психолог, учаскелік дәрігер, медбике, акушердің қабылдауы, патронаж, актив, иммундау, профилактика, салауатты өмір салты, босануға дайындық мектебі, кейбір диагностика зерттеулері және басқа да қызметтер болғанда жолдама беріледі.

## ЭКО-ЖОБАЛАР КӨРСЕТТІ

Елордалық студенттер Sustainability Living Lab бағдарламасы аясында жүзеге асқан эко-жобаларын көрсетті. Экологиялық тұрақтылықты ілгерілетуге арналған бірегей бастама – SLL бағдарламасына арналған медиа-тур кезінде жас өнертапқыштардың әлеуметтік өнертабыстары көпке ұсынылды.

Аталған бағдарлама бүкіл Қазақстан бойынша студенттерге университет кампустарында экологиялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ол жастардың теориялық білімін нақты жобаларға айналдыруға ықпал етіп, олардың шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін дамытуға септік етеді. Бұл тек экологиялық бастамаларды дамыту алаңы ғана емес, сонымен қатар, университет қауымдастығындағы экологиялық сананы өзгерту факторына айналады.

Медиа-турға қатысушылар университет аумағында SLL бағдарламасы аясында жүзеге асып жатқан бірқатар қызықты жобамен танысуға мүмкіндік алды. Атап айтқанда, Mediterranean biome – университет атриумында субтропиктік өсімдіктерден тұратын арнайы аймақ құру жобасы.

NU observatory – диаметрі 50 см телескоп орнатылған шағын обсерваторияны салу жобасы. Bulan – мүгедектер арбасының қозғалғыштығын және пайдалану жеңілдігін арттыратын электр қондырмасын жасау жобасы. Осы жобаны ойлап тапқан елордалық студент Айметет Тауфиктің робототехника бағытында білім алуға.

– Жобамның аты – Bulan.



Ерекше жандардың негізгі мәселесі – ассистент қызметіне тәуелділігі. Мұндай адамдар қалаған уақытында қалаға шығып, бір жаққа барып шаруасын істей алмайды. Әрдайым біреудің көмегіне әеру. Сол мәселені шешу үшін мен арбаға қосымша тіркемені ойлап таптым. Оны ерекше қажеттіліктері бар адам өзі қосып тіркей алады. Мұны электрсамокат қызметімен теңестіре де болады. Бірақ бұл нақты осындай арбаға арналған, – дейді өнертапқыш студент. Осы және басқа да жобалар тұрақты кампустарды құруға ықпал ететін инновациялық идеяларды қамтиды. Олар пайдалы және экологиялық таза өнімдерді жасау үшін ресурстарды тиімді пайдаланды және қалдықтарды қайта өңдеудің маңызын көрсетеді.

Дайындаған Райхан РАХМЕТОВА



## МӘСКЕУ КҮНДЕРІ КОНЦЕРТПЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Мәскеудің Астана қаласындағы мәдени күндері аясында ресейлік шоу-бизнес жұлдыздарының қатысуымен жаңа жылдық концерт өтті. Іс-шара барысында Ресейдің Қазақстандағы елшісі Алексей Бородавкин, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен сөз сөйледі.



– Астанада танымал ресейлік және мәскеулік әртістер сондай-ақ жас орындаушылар өз өнерлерін көрсетеді. Бұл концерт «Мәскеу күндері» жобасы аясында өткізілген бірқатар іс-шараларға толы. Музыкалық қойылымнан бөлек, бағдарламада театр қойылымдары, балаларға жаңа жылдық ертеңгіліктер болды. Ойын-сауық бағдарламасымен қоса, мәскеуліктер Астанадағы әріптестерімен бірге іскерлік форумдарға қатысып, тәжірибе алмасты. Бастысы, жоспарланған барлық іс-шара сәтті өтті, – деген елші іс-шараны бірлесе атқарғаны үшін Мәскеу мәрі мен Астана әкіміне алғысын білдірді.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен

Қазақстан мен Ресей Федерациясының қарым-қатынасының маңыздылығы туралы айтты.

– Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бастап Ресей Федерациясымен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты жүзеге асырып келеді. Осыған байланысты Астана мен Мәскеу дәстүрлі түрде өзара сыйластық пен одақтастық қағидаттарын сақтайды. Әсіресе «Мәскеу күндері» бағдарламасының басты оқиғасы «Ақылды қалалар» іскерлік форумын өткізу болды. Елордалық сарапшылар мен бизнес өкілдері цифрлық және заманауи технологиялық шешімдерді енгізудің оң тәжірибелерін талқылады, – деді Есет Байкен.

Сабина КӘКІМЖАН

## КОМПОЗИТОРДЫҢ АСТАНАҒА АРНАУЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен белгілі композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тілеуғали Қышқашбайдың елорданың 25 жылдығына арналған «Астана – бас қала» атты шығармашылық кеші өтті.

Бірқатар басшылық қызметті атқарған кеш иесі осыдан ширек ғасыр бұрын Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы болып тағайындалды. Екі жыл осы қызметті атқарып, сол уақытта Алатаудан Арқаға енді көшіп келген жаңа астана мәдениетінің аяққа тұруына атсалысты. Сол жылдары белгілі ақын Жеңіс Қашқыновтың өлеңіне «Астана – бас қала» атты ән жазды. Бұл туындыны Астананың көшіп келген күні – 1997 жылдың 10 желтоқсанында «Жастар» сарайында Ақжол Мейірбеков пен Баян Есентаева алғаш рет орындады. Сәл кейін ресейлік «На-На» тобы репертуарына қосып, Астананың халықаралық тұсаукесері күні – 1998 жылдың 10 маусымында Есілдің жағасында шырқады.

Тілеуғали Қышқашбайдың шығармашылығында осы «Астана – бас қала» әнінің шоқтығы биік. Жалпы композитордың

әндерінен басқа симфониялық оркестрге, халық аспаптары оркестріне, ішекті аспаптар квартетіне арналған музыкалық шығармалары бар. Өнер иесі ғылыммен де айналысып, педагогика ғылымдарының докторы, профессор ғылыми атағын алды. 6 монография мен 5 оқулық, 16 оқу құралы, ғылыми мақалаларды жазды. Биыл «Қазақ өнер әлемі» монографиясы жарық көрді.

Ал шығармашылық кешінде Ұлықбек Есдәулет, Ғалым Жайлыбай сынды көрнекті ақындардың, басқа да авторлардың өлеңдеріне жазылған әндер шырқалып, туындылары орындалды. Кеш барысында Астана қаласының симфониялық оркестрі, белгілі әншілер Бақтияр Тайлақбаев, Құрманш Махан, Бауыржан Исаев, Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның әншілері өнер көрсетті.



## ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ ТЕКТИ ҰЛЫ

Астанада Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясында «Мұстафа Шоқай – бүкіл түркі жұртының перзенті» атты II халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Қалиакбар  
ҰСЕМХАНҰЛЫ

Конференцияны Астана қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» КММ, Мұстафа Шоқай ғылыми орталығы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетімен бірлесе ұйымдастырды. Түркі халықтары азаттық қозғалысының көшбасшысы Мұстафа Шоқайдың тарихи тұлғасына қатысты өзекті мәселелерді талқылап, оның аса мағыналы өмірі, сан салалы саяси қызметі мен шығармашылық мол мұрасы негізінде өскелең ұрпақты ұлттық рух пен отансүйгіштікке, қоғамдық белсенділік пен адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында өткен конференцияға шоқайтанушы ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, саясаткерлер, жазушылар, жоғары оқу орындарының өкілдері, Мұстафа Шоқайдың ұрпақтары, ұстаздар және Мұстафа еңбектерін зерттеп-зерделеп жүрген оқушылар қатысты.

Конференция аясында Түркия мемлекетінің Стамбұл қаласындағы Мимар Синан көркем өнер университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Әбдіқап Қараның «Кеңес одағының түркі әлемі саясаты. Мұстафа Шоқай» атты кітабының тұсаукесері өтті. Қазақ, түрік, орыс және француз тілдерінде басылған бұл топтамада Мұстафа Шоқайдың бір ғасыр бұрын жарық көрген 120 мақаласының ең өзекті 41 мақаласы енгізілген.

Секция жұмысы мектеп оқушыларының ғылыми ізденістері мен шығармашылық жұмыстарымен жалғасын тауып, елорданың 9-11 сынып оқушылары арасынан 48 оқушы «XX ғасыр басындағы Қазақстан мен Орта Азиядағы саяси-әлеуметтік жағдай», «Мұстафа Шоқайдың саяси қайраткер ретінде қалыптасуы», «Мұстафа Шоқай саяси қызметінің алғашқы шыңы – Түркістан Мұқтарияты», «Мұстафа Шоқай эмиграцияда; Кеңестік шындықтың қайсар сыншысы», «Мұстафа Шоқайдың тәуелсіз ұлттық мемлекет туралы идеялары» номинациялары бойынша марапатталды.

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында танымал әнші, Өзбекстан мен Қарақалпақстан Республикаларының еңбек сіңірген әртісі Махсетбай Өтемұратовтың «Мен ауылды сағындым» атты ән кеші өтті. Жиылған жұртқа ғажайып көңіл-күй сыйлаған, бауырлас елдің ыстық сәлемін ала келген Махсетбай Өтемұратов өзінің шығармашылығындағы ең таңдаулы шығармаларын орындады.

## ЕКІ ЕЛДІ ӘНМЕН ЖАЛҒАДЫ

Өнерпаздың ән кешінде астаналық «Жайхун» қарақалпақ этно-мәдени бірлестігінің бишілері де сахнаға шығып, өнер көрсетті. Сондай-ақ «Qazaqstan дауысы» жобасының II маусымында ақтық сайыста бақ сынап жатқан Қарақалпақстанда тұратын талантты қандасымыз Мұса Марат ән шырқап, тыңдаушы қауымды баритон даусымен таңғалдырды. Көрермендерді ризашылық сезімге бөлеген бір сәт, қазақтың дәстүрмен Махсетбай Өтемұратов өнерде ізінен ерген інісіне өзінің ақжолтай костюмін сыйлады. Қасиетті сахнада жүрген екі толқынның өкілінің өзара сыйластығы халықты толқытып, әншінің мерейін асырды.

Махсетбай Өтемұратовтың Алматыда өткен «Жыл адамы» байқауында «Алтын адам» ата-

лымын иеленгенін біреу білсе, біреу білмейді. Әнші қазір Нөкіс қаласындағы Қарақалпақстан көркем өнер сарайының директоры қызметін атқарады. Ол көп жылдар бойы қазақ елін аралап, жеке концертін беріп жүргені мәлім. «Әмударияның суын ішкен, бала кезден бірге өскен талай қарақалпақ баласы бүгінде Қазақстанда тұрып жатыр. Сол қандас жұрттың туған елге, туған жерге сағынышын басып, ауылдың сәлемін жеткізейін деп жеке кештерімді жиі өткізуге тырысамын. Биыл менің шығармашылығым үшін табысты болды. Гастрольдік сапарым да Астананың төріндегі кешіммен аяқталып жатыр. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының Алғыс хатымен марапаттадым. Бұл – Өзбекстан



мен Қазақстан арасындағы мызғымас берік мәдени байланыстың белгісі» деді М.Өтемұратов.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –  
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –  
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың  
орынбасары –  
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды  
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №153

Баспаханасы: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:  
010000, Астана қаласы,  
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:  
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА